

«ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫ» КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫ

# SPORT QORY

КОРПОРАТИВНЫЙ ФОНД «ФОНД ПОДДЕРЖКИ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА И СПОРТА»



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | ГОДОВОЙ ОТЧЕТ



# 2025

info@cfsport.kz, +7 (7172) 95-40-17



**ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРАЛІГІ**

# МАЗМҰНЫ | СОДЕРЖАНИЕ

**2**

Қордың Қамқоршылық кеңесінің төрағасы/  
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі  
Серік Жарасбаевтың сөзі

*Обращение Председателя Попечительского совета Фонда/  
Вице-министра туризма и спорта Республики Казахстан  
Серика Жарасбаева*

**6**

Қордың бас директоры Ерлан Ауғанбаевтің сөзі  
*Обращение генерального директора Фонда Эрлана Ауганбаева*

**10**

Қор туралы | *О фонде*

**11**

Тапсырмалар & Принциптер | *Задачи & Принципы*

**12**

Сандар | *Цифры*

## ЖОБАЛАР | ПРОЕКТЫ

**15**

Олимпиадалық спорт түрлері | *Олимпийские виды спорта*

**62**

Инклюзивті спорт | *Инклюзивный спорт*

**72**

Олимпиадалық емес спорт түрлері | *Неолимпийские виды спорта*

**80**

Ұлттық спорт түрлері | *Национальные виды спорта*

**94**

Бұқаралық спорт түрлері | *Массовые виды спорта*

**100**

Жарақтандыру жобалары және өзге де жобалар  
*Проекты оснащения и прочие проекты*

**104**

Кәсіби спорт | *Профессиональный спорт*

**107**

Кәсіби клубтар | *Профессиональные клубы*

**115**

Қордың қаражатты бөлуі | *Распределение средств*

Мұқаба суретінің авторы/Автор фото с обложки: Сали Сабилов



## *Жарасбаев Серік Маратұлы*

*Қамқоршылық кеңесінің төрағасы/  
Қазақстан Республикасының  
Туризм және спорт вице-министрі*



### **Құрметті әріптестер мен серіктестер!**

2025 жылдың қорытындысын шығара отырып, Қазақстан Республикасының спорт саласын дамытуға қосқан кәсіби еңбектеріңіз бен жүйелі қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіремін. Өткен жыл отандық спорттың тұрақты дамуы, халықаралық беделінің артуы және жаңа стратегиялық бастамалардың іске асырылуымен ерекшеленді.

Sport Qory спортты ел дамуының маңызды әлеуметтік бағыты ретінде қарастырады. Біз жоғары жетістіктер спортын, сондай-ақ бұқаралық және балалар спортын теңгерімді қолдау арқылы тұрақты нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеміз.

2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы дене шынықтыру және спорт жобаларын қаржыландыру көлемі 15%-ға артты. Оның ішінде олимпиадалық спорт түрлері бойынша қаржыландыру 37%-ға өссе, бұқаралық спортты қолдау 10%-ға ұлғайды. Жалпы қаржыландыру көлемінің 11%-ы балалар-жасөспірімдер спортын дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, 37 спорт ұйымы спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. 2026 жылғы қысқы Олимпиядалық ойындар қарсаңында қысқы спорт түрлері бойынша жүйелі дайындық жүргізіліп, ұлттық құрамаларға ғылыми-әдістемелік және қаржылық қолдау көрсетілді.

2025 жылы елімізде халықаралық деңгейдегі бірқатар ірі жарыстар жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті. Қазақстан жаһандық спорт қауымдастығында сенімді серіктес әрі бәсекеге қабілетті мемлекет ретіндегі позициясын нығайтты. Бірыңғай оператордың қолдауымен Қазақстан аумағында 13-тен астам халықаралық жарыс ұйымдастырылды. Олардың қатарында Oceanman Kazakhstan 2025, пара хоккейден Әлем чемпионаты (B-pool),

спорттық атудан Азия чемпионаты, дзюдодан Grand Slam турнирі, фристайлдан жасөспірімдер арасындағы FIS Junior World Championships, Astana 2025 World Boccia Challenger, сондай-ақ Denis Ten Memorial Challenge мәнерлеп сырғанау турнирі бар.

Бүгінде Қор елдің спорттық әлеуетін дамытудағы негізгі факторлардың бірі ретінде лайықты орнын иеленіп отыр. Бұл қол жеткізілген нәтижелермен айқын дәлелденеді. Sport Qory Ұлттық олимпиадалық комитетке, Ұлттық паралимпиадалық комитетке, федерациялар мен қауымдастықтарға қысқы Азия ойындарына, жасөспірімдер Азия ойындарына, Ислам ынтымақтастығы ойындарына, Сурдлимпиадаға және басқа да халықаралық жарыстарға сапалы дайындық жүргізу үшін қолдау көрсетті. Дефлимиада қорытындысы бойынша қазақстандық сурдлимпиадашылар 25 медаль жеңіп алды. Жалпы алғанда, халықаралық аренада спортшыларымыз 600-ден астам медаль иеленді.

Қазақстандық спортшылардың жетістіктері ерекше назар аударуға лайық. Михаил Шайдоров мәнерлеп сырғанаудан төрт құрлық чемпионатында жеңімпаз атанып, Азия ойындарында үшінші орын иеленді және әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алды. Бұл нәтижелер оған алдағы Олимпиадалық ойындарға жолдама алуға мүмкіндік берді. Абиба Абужақынова дзюдодан Әлем чемпионатының финалына дейін жеткен Қазақстан тарихындағы алғашқы спортшы атанып, тарихи күміс медаль иеленді. Қысқы Азия ойындарында шорт-тректен ерлер құрамасы эстафетада алтын медаль жеңіп алды. Команда құрамында Денис Никиша, Абзал Әжғалиев, Әділ Ғалиахметов, Глеб Ивченко, Мерсаид Жақсыбаев, Айбек Насен болды. Денис Никиша шорт-тректен Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері атанды. Жыл қазақстандық шахматшы Бибісара Асаубаеваның жеңісімен қорытындыланып, отандық гроссмейстер блиц шахматтан үш дүркін Әлем чемпионы атанды.

Ұсынылған көрсеткіштер Қордың спорт ұйымдарымен серіктестікте жүзеге асырып отырған жүйелі жұмысының бір бөлігі ғана. Алдағы жылдары Бірыңғай оператор таңдалған даму стратегиясын дәйекті түрде нығайтып, елдің спорттық әлеуетін арттыруға бағытталған үлесін күшейте бермек.

Алда бізді жаңа ауқымды жетістіктер мен жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін!

# Жарасбаев Серик Маратович

*Председатель попечительского совета/  
вице-министр туризма и спорта  
Республики Казахстан*



## **Уважаемые коллеги и партнеры!**

Подводя итоги 2025 года, выражаю Вам благодарность за профессиональный труд и системную поддержку в развитии спортивной отрасли Республики Казахстан. Прошедший год ознаменовался устойчивым развитием отечественного спорта, повышением международного авторитета и реализацией новых стратегических инициатив.

Sport Qory рассматривает спорт как важнейшее социальное направление развития страны. Мы стремимся к достижению стабильных результатов за счет сбалансированной поддержки как спорта высших достижений, так и массового и детского спорта.

По сравнению с 2024 годом объем финансирования проектов физической культуры и спорта в 2025 году увеличился на 15%, в том числе по олимпийским видам спорта на 37%, а поддержка массовых видов спорта выросла на 10%. 11% от общей суммы финансирования спортивные организации направили на развитие детско-юношеского спорта. Кроме того, 37 спортивных организаций были обеспечены спортивным инвентарем. В преддверии зимних Олимпийских игр 2026 года регулярно велась подготовительная работа по зимним видам спорта, была оказана научно-методическая и финансовая поддержка национальным сборным.

В 2025 году в стране прошел ряд крупных международных соревнований, организованных на высоком уровне. Казахстан укрепил свои позиции в мировом спортивном сообществе как надежный партнер и конкурентоспособное государство. При поддержке Единого оператора на территории Казахстана было проведено свыше 13 международных соревнований, в том числе заплыв на открытой воде Oceanman Kazakhstan 2025, чемпионат мира по пара хоккею (B-pool), чемпионат Азии по спортивной стрельбе, турнир

Grand Slam по дзюдо, чемпионат мира FIS по фристайлу среди юниоров, международный челленджер по бочча Astana 2025 World Boccia Challenger, турнир по фигурному катанию Denis Ten Memorial Challenge.

Сегодня Фонд по праву выступает ключевым фактором развития спортивного потенциала страны, что подтверждается достигнутыми результатами. Sport Qory оказал поддержку национальному олимпийскому комитету, национальному паралимпийскому комитету, федерациям и ассоциациям для качественной подготовки спортсменов к зимним Азиатским играм, юношеским Азиатским играм, Играм исламской солидарности, Сурдлимпийским играм и многим другим международным соревнованиям. По итогам Дефлимпиады казахстанские сурдлимпийцы завоевали 25 медалей. В совокупности на международной арене спортсменами завоевано свыше 600 медалей.

Особого внимания заслуживают достижения казахстанских спортсменов. Михаил Шайдоров продемонстрировал высокие результаты: стал победителем чемпионата четырех континентов по фигурному катанию, занял третье место на Азиатских играх и завоевал серебряную медаль на чемпионате мира. Эти показатели позволили фигуристу квалифицироваться на предстоящие Олимпийские игры. Абиба Абужақынова стала первой казахстанской спортсменкой в истории, которой удалось дойти до финала чемпионата мира по дзюдо. По результатам первенства дзюдоистка завоевала историческую серебряную медаль.

На зимних Азиатских играх мужская сборная по шорт-треку завоевала золото в эстафете. В состав команды вошли Денис Никиша, Абзал Ажгалиев, Адиль Галиахметов, Глеб Ивченко, Мерсаид Жаксыбаев, Айбек Насен. Денис Никиша стал двукратным серебряным призером чемпионата мира по шорт-треку. Год завершился победой казахстанской шахматистки Бибисары Асаубаевой. Гроссмейстер стала трехкратной чемпионкой мира по блицу.

Представленные показатели отражают лишь часть системной работы, реализуемой Фондом в партнерстве со спортивными организациями. В перспективе ближайших лет Единый оператор намерен последовательно укреплять выбранную стратегию развития, усиливая вклад в раскрытие спортивного потенциала страны.

Уверен, что впереди нас ждут новые значимые достижения и яркие победы!



**Ерлан Ауғанбаев**

*Қордың бас директоры*



### **Құрметті серіктестер және әріптестер!**

Қор дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс қаражатты бөлу жөніндегі Біріңғай оператор ретінде, спортшыларды қолдау, бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, мықты, әрі дені сау ұлтты қалыптастыру үшін мемлекеттің, бизнес пен қоғамның күш-жігерін біріктіреді. Басты миссия – спортты қолдаудың тұрақты жүйесін қалыптастыру және Қазақстанның халықаралық имиджін нығайту.

Сіздердің назарларыңызға 2025 жылғы Қор қызметінің негізгі қорытындыларын және спорт ұжымдары мен кәсіби клубтардың нәтижелерін ұсынамыз.

2025 жылы Қор өз қызметінде ашықтық, тиімділік, әлеуметтік маңыздылық және жүйелілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, спорт саласын кешенді қолдауды жалғастырды.

Өткен 12 айда бекітілген жобалар саны бойынша рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп, жеті санат бойынша 108 спорттық жобаға қолдау көрсетілді. Қайырымдылық көмек көрсетуге қатысты 144 өтінім қаралды. Бұл көрсеткіштер ұйымымыздың кәсіби спорт қауымдастығындағы позициясының едәуір нығайғанын және қызмет ауқымының кеңейгенін айқын көрсетеді.

Бірыңғай оператор ретінде Қор олимпиадалық спорт түрлеріне (72%), олимпиадалық емес спорт түрлеріне (3%), инклюзивті спортқа (4%), ұлттық спорт түрлеріне (9%), бұқаралық спортқа (2%), жарақтандыру жобалары және өзге де жобаларға (1%), сондай-ақ кәсіби спортқа (9%) қолдау көрсетті. Атап айтқанда, кәсіби спорт аясында «Қайрат футзал» футзал клубына қолдау білдірілді.

Ұлттық спорт түрлеріне ерекше көңіл бөлінді. 14 мамандандырылған жобаға 900 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді. Олардың қатарында ересектер арасында қазақ күресінен Әлем және Азия чемпионаттары, халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-байгесі, жыл сайынғы «Қазақстан Барысы – 2025» турнирі, Түркістан қаласында өткен асық атудан Азия чемпионаты, құсбегілер арасында «Шығыс салбурыны» және «Қансонар – 2025» турнирлері, сондай-ақ Оңтүстік Кореяда өткен дәстүрлі садақ атудан алғашқы Әлем кубогы жарыстары бар.

Кәсіби клубтардың жетістіктері арасында 2024/2025 маусымда Қазақстан Ұлттық лигасының чемпионы атағын және фиджитал-баскетболдан «Болашақ ойындары – 2025» халықаралық турнирінің қола медалін жеңіп алған «Астана» баскетбол клубының жетістіктерін атап өткен жөн.

«Барыс» балалар-жасөспірімдер мектебі де табысты жұмысын жалғастыруда. Жаңа маусымнан бастап жас хоккейшілерді даярлау жүйесіне бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Қазіргі таңда «Барыс» БЖСМ-де 700-ден астам бала жаттығуда.

XDS Astana Team командасының велошабандоздары 32 жеңіске жетіп, 72 жүлделі орын иеленді. «Астана» футбол клубы ел чемпионатында күміс жүлдегер атанса, жастар командасы Екінші лиганың чемпионы атағына қол жеткізді.

2026 жылы халықаралық деңгейдегі маңызды спорттық оқиғалар өтеді: қысқы Олимпиялық ойындар, жазғы Азия ойындары, футболдан әлем чемпионаты және жазғы Жасөспірімдер Олимпиада ойындары. 2025 жылы Sport Qoғу алдағы жарыстарға спортшыларды дайындау ісіне өз үлесін қосты.

Таяу кезеңдегі басым бағыттардың қатарында жоғары жетістіктер спортын, балалар мен жасөспірімдер бағытын, бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамыту қалып отыр.

Мен серіктестерге спорттың дамуына қосқан сенімі мен үлесі үшін алғыс және терең ризашылығымды білдіремін. 2026 жылы біздің ынтымақтастығымыз жаңа міндеттерді іске асыруға мүмкіндік беретініне және Қазақстанның спорттық әлеуетін одан әрі нығайтуға қызмет ететініне сенімдімін.



**Уважаемые партнеры и коллеги!**

Фонд, выступая Единым оператором по распределению внебюджетных средств, направленных на развитие физической культуры и спорта, объединяет усилия государства, бизнеса и общества для поддержки спортсменов, развития массового и детско-юношеского спорта, а также создания сильной и здоровой нации. Главная миссия Фонда – формирование устойчивой системы поддержки спорта и укрепление международного имиджа Казахстана.

Представляем вашему вниманию ключевые итоги деятельности Фонда в 2025 году и результаты спортивных коллективов и профессиональных клубов.

В 2025 году Фонд продолжил комплексную поддержку спортивной отрасли, придерживаясь в своей деятельности принципов прозрачности, эффективности, социальной значимости и системности.

За прошедшие 12 месяцев были достигнуты рекордные показатели по количеству утвержденных проектов – была оказана поддержка 108 спортивным проектам в семи категориях. Фондом было обработано 144 заявления на предоставление благотворительной помощи. Эти данные наглядно демонстрируют существенное укрепление позиций нашей организации и расширение ее присутствия в профессиональном спортивном сообществе.

Единый оператор оказал поддержку олимпийским (72%), неолимпийским (3%), инклюзивным (4%), национальным (9%), массовым видам спорта (2%), проектам оснащения и другим проектам (1%), профессиональному спорту (Футзальный клуб «Кайрат футзал») (9%).

Значительное внимание было уделено национальным видам спорта. Более 900 миллионов тенге выделено на 14 специализированных проектов. В их числе чемпионат мира и чемпионат Азии среди взрослых по қазақ күресі, международный марафон-байге «Ұлы дала жорығы», ежегодный турнир «Қазақстан Барысы-2025», чемпионат Азии по асық ату в Туркестане, турниры «Шығыс салбурыны» и «Кансонар-2025» среди мастеров охоты с ловчими птицами, участие в первом Кубке мира по традиционной стрельбе из лука в Южной Корее.

Среди достижений профессиональных клубов следует отметить успехи баскетбольного клуба «Астана», который в сезоне 2024/2025 завоевал чемпионский титул Национальной лиги Казахстана и бронзовую медаль международного турнира по фиджитал-баскетболу «Игры будущего – 2025».

Успешную работу продолжает детско-юношеская школа «Барыс», которая с нового сезона внесла ряд важных изменений в систему подготовки юных хоккеистов. На сегодняшний день в ДЮСШ «Барыс» занимаются свыше 700 детей.

Гонщики команды XDS Astana Team одержали 32 победы и завоевали 72 призовых места. Футбольный клуб «Астана» завоевал серебро на чемпионате страны, а молодежная команда стала чемпионом Второй Лиги.

В 2026 году состоятся важные спортивные события международного уровня: зимние Олимпийские игры, летние Азиатские игры, чемпионат мира по футболу, летние Юношеские Олимпийские игры. В течение 2025 года Sport Qory внес свой вклад в подготовку спортсменов к предстоящим состязаниям.


В числе приоритетных направлений на ближайший период остаются развитие спорта высших достижений, детско-юношеского направления, массовых и национальных видов спорта.

Выражаю благодарность и глубокую признательность партнерам за доверие и вклад в развитие спорта. Уверен, что в 2026 году наше сотрудничество позволит реализовать новые задачи и будет служить дальнейшему укреплению спортивного потенциала Казахстана.

# ҚОР ТУРАЛЫ

## О ФОНДЕ

Sport Qory  
QAZAQSTAN



Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры 2020 жылдан бастап дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірыңғай оператор.

С 2020 года Фонд поддержки индустрии туризма и спорта является Единым оператором по распределению внебюджетных денежных средств, направленных на развитие физической культуры и спорта.



# ТАПСЫРМАЛАР & ПРИНЦИПТЕР

## ЗАДАЧИ & ПРИНЦИПЫ

### МІНДЕТТЕРІ | ЗАДАЧИ

1

#### Кәсіби және әуесқой спортты қолдау

Поддержка профессионального и любительского спорта

2

#### Бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту

Развитие массового и детско-юношеского спорта

3

#### Спорттық жобаларды, сондай-ақ бірыңғай оператордың бағдарламаларын қаржыландыру мақсатында демеушілерді, Қайырымдылық жасаушыларды ынтымақтастыққа тарту

Привлечение к сотрудничеству спонсоров, благотворителей с целью финансирования спортивных проектов, а также программ Единого оператора

### ЖҰМЫС ПРИНЦИПТЕРІ | ПРИНЦИПЫ РАБОТЫ

Қызметтің ашықтығы



Прозрачность деятельности

Тиімділік



Эффективность

Әлеуметтік маңыздылық



Социальная значимость

Жүйелілік



Системность

# САНДАР ЦИФРЫ

2025 жылы Sport Qory командасы қайырымдылық көмек көрсетуге

*В 2025 году командой Sport Qory было принято и обработано*

## 144

өтінішті өңдеді.

*заявления на оказание благотворительной помощи.*

Жалпы сомасы  
32,1 млрд  
теңгеге

*Утверждено  
и профинансировано*

## 108

жоба бекітіліп, қабылданды (Қор басқаратын кәсіби клубтарды қоса алғанда).

*проектов на общую сумму 32,1 миллиарда тенге (включая профессиональные клубы под управлением Фонда).*

Бөлінген қайырымдылық көмектің

## 11 %


жасөспірімдер мен балалар спортын дамытуға бағытталды.

*от общей суммы финансирования спортивные организации направили на развитие детско-юношеского спорта.*

## 37

спорттық ұйым құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді.

*спортивных организаций были обеспечены спортивным инвентарем.*



sportqory.kz



@sportqory



@sportqory

# ЖОБАЛАР ПРОЕКТЫ



# 2025

# ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ОЛИМПИЙСКИЕ ВИДЫ СПОРТА





₸ 7 555 038 101

ОЛИМПИДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН  
ҚОЛДАУ СОМАСЫ

*Сумма поддержки олимпийских видов спорта*

# ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОЛИМПИЙСКИЙ КОМИТЕТ



olympic.kz

@olympickz

@olympickaz

@olympickz

## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. ҚР спорт делегациясының Харбин қаласында (Қытай) өткен ІХ қысқы Азия ойындарына қатысуы
2. Қазақстан Республикасы Спорт делегациясының жасөспірімдер Азия ойындарына қатысуы, Бахрейн 2025
3. Қазақстан Республикасы Спорт делегациясының Ислам ойындарына қатысуы, Эр-Рияд (Сауд Арабиясы)
4. Қазақстан Республикасының спорт делегациясын спорттық және салтанатты жабдықтармен қамтамасыз ету



1. *Участие спортивной делегации РК в ІХ Азиатских зимних играх, в городе Харбин (Китай)*
2. *Участие спортивной делегации Республики Казахстан на Юношеских Азиатских играх, Бахрейн 2025*
3. *Участие спортивной делегации Республики Казахстан на Исламских играх, Эр-Рияд (Саудовская Аравия)*
4. *Обеспечение спортивной делегации Республики Казахстан спортивной и парадной экипировкой*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, жабдықтар сатып алу, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения экипировки, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



2025 жылдың басында Қытайдың Харбин қаласында Қысқы Азия ойындары өтті. Жарысқа Азияның 32 елінен 1147 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар 20 медаль жеңіп алды: 4 алтын, 9 күміс және 7 қола. Қазақстан жалпыкомандалық есепте төртінші орынға ие болды.

Қазан айында Жасөспірімдер арасындағы Азия ойындары өтіп, бұл бәсекеде ұлттық құрама жалпы саны 93 медаль жеңіп алды: 24 алтын, 29 күміс және 40 қола. Медальдық есепте Қазақстан 3-орынға тұрақтады.

Жыл Эр-Риядта өткен Ислам ынтымақтастығы ойындары аясындағы жарыстармен қорытындыланды. Онда отандық спортшылар 56 медаль иеленді. Сондай-ақ Қордың қолдауымен ұлттық құрамаларға арналған спорттық және салтанатты нысанды киімдер сатып алынды.

*В начале 2025 года в китайском городе Харбин состоялись зимние Азиатские игры. В спортивном событии приняли участие 1147 спортсменов из 32 стран Азии. По итогам соревнований казахстанские спортсмены завоевали 20 медалей: четыре золотые, 9 серебряных и 7 бронзовых. Казахстан занял четвертое место в общекомандном зачете.*

*В октябре состоялись Юношеские Азиатские игры, на которых сборная завоевала в общей сложности 93 медали: 24 золотые, 29 серебряных и 40 бронзовых. Таким образом, в медальном зачете Казахстан занял 3-е место.*

*Год завершился выступлениями на Играх исламской солидарности в Эр-Рияде, где отечественные спортсмены завоевали 56 медалей. Также при поддержке Фонда была приобретена спортивная и парадная экипировка национальных сборных.*



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстанда шайбалы хоккейді насихаттау және дамыту және халықаралық аренада ұлттық құрама командалардың имиджін арттыру
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт кешенінің спорт қызметкерлеріне шайбалы хоккей бойынша 2025 жылға арналған төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Популяризация и развитие хоккея с шайбой в Казахстане и повышение имиджа национальных сборных команд на международной арене*

*2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по хоккею с шайбой на 2025 год*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысу, спорт ұжымына медициналық қызмет көрсету, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алу, үздіксіз спорт процесін ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар және жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в учебно-тренировочных сборах в пределах и за пределами РК, участия в соревнованиях за пределами РК, медицинского обслуживания спортивного персонала, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления, оплаты труда тренеров*

Қазақстан хоккей құрамасы 2025 жылғы маусымда халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. 2025 жылғы қарашада Бейжіңде өткен IIHF Ice Hockey Asia Championship турнирінде Қазақстан құрамасы барлық ойында жеңіске жетіп, Азия чемпионы атанды. Команда турнир бойы тұрақты әрі нәтижелі ойын өрнегін көрсетті. Желтоқсанда Қазақстанның U20 жастар құрамасы IIHF World Junior Championship Division IA чемпионатында күміс жүлде иеленді. Құрама шешуші турға дейін жоғары дивизионға шығуға таласты.

*Сборная Казахстана по хоккею показала успешные результаты на международных соревнованиях в 2025 году. На турнире IIHF Ice Hockey Asia Championship 2025 в Пекине команда стала чемпионом Азии. Сборная показала стабильную и результативную игру на протяжении всего турнира. В декабре молодежная сборная Казахстана U20 заняла второе место на чемпионате IIHF World Junior Championship в дивизионе IA. Команда не смогла выйти в топ-дивизион.*



# ҰЛТТЫҚ ШАҒЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ЛЫЖНАЯ АССОЦИАЦИЯ

skisport.kz

@kaz\_ski\_association



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылғы Қысқы Азия ойындарына қатысу үшін фристайл (акробатика) және шаңғы жарысы бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын кешенді жабдықтармен қамтамасыз ету
2. FIS жасөспірімдер арасындағы фристайлдан әлем чемпионатына байланысты шығындарды өтеу; фристайл могулдан ҚР ҰСК мүшесі Әмренова Аяулымды медициналық тексеруден өткізу және емдеу; фристайл шаңғы акробатикасын ҚР ҰСК мүшелеріне арналған жабдық сатып алу; ҰШҚ аппараты мен кеңсесін ұстау
3. Фристайл-могул және шаңғымен трамплиннен секіру бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының мүшелерін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының фристайл-могулы бойынша іс-шара бойынша мамандардың қызметтеріне ақы төлеу; FIS фристайлдан әлем кубогының кезеңдері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасының мүшесі Скороходова А. АРЕХ2100 жаттығуы
4. FIS жасөспірімдер арасындағы фристайлдан әлем чемпионатына жұмсалған шығындарды өтеу
5. Пара шаңғы жарысы бойынша ҚР Ұлттық құрамасының мүшелерін жабдықтаумен қамтамасыз ету
6. Шаңғы жарысы бойынша ҚР Ұлттық құрама командасының мүшелерін жабдықтаумен қамтамасыз ету



7. Фристайл шаңғы акробатикасынан ҚР Ұлттық құрамасының мүшелерін жабдықтаумен қамтамасыз ету

8. Тау шаңғысы спортынан ҚР Ұлттық құрама командасының мүшелерін жабдықтаумен қамтамасыз ету

9. Трамплиннен шаңғымен секіру бойынша ҚР Ұлттық құрамасының мүшелерін жабдықтаумен қамтамасыз ету

10. 2025 жылы шаңғы спорт түрлері бойынша ҚР ҰҚК спорт персоналына төлемдерді қамтамасыз ету



1. Обеспечение комплексной экипировкой национальных сборных команд Республики Казахстан по фристайлу (акробатика) и лыжным гонкам для участия в Зимних Азиатских играх 2025 года

2. Возмещение расходов по ЧМ FIS по фристайлу среди юниоров; мед.обследованию и лечению члена НСК РК по фристайлу могулу Әмреновой Аяулым; приобретение экипировки для членов НСК РК по фристайлу лыжной акробатике; содержание аппарата и офиса НЛА

3. Обеспечение экипировкой членов национальных сборных РК по фристайл могулу и прыжкам на лыжах с трамплина, оплата услуг специалистов по фристайл могулу РК мероприятия; возмещение расходов по Этапам Кубка Мира FIS по фристайлу; обучение члена национальной сборной РК по горнолыжному спорту Скороходовой А. АРЕХ2100

4. Возмещение расходов по Чемпионату Мира FIS по фристайлу среди юниоров

5. Обеспечение экипировкой членов национальной сборной РК по пара лыжным гонкам

6. Обеспечение экипировкой членов национальной сборной команды РК по лыжным гонкам

7. Обеспечение экипировкой членов национальной сборной РК по фристайл лыжной акробатике

8. Обеспечение экипировкой членов национальной сборной команды РК по горнолыжному спорту

9. Обеспечение экипировкой членов национальной сборной РК по прыжкам на лыжах с трамплина

10. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по лыжным видам спорта в 2025 году



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, выплат и иных вознаграждений спортивному персоналу*

Харбин қаласында өткен ІХ қысқы Азия ойындары аясында фристайл-акробатикадан Қазақстан ерлер құрамасы «синхронды секіру» дисциплинасы бойынша тарихи алтын медаль жеңіп алды. Команда сапында Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов өнер көрсетті.

Жыл басында Қордың қолдауымен Алматы қаласында FIS фристайл бойынша әлем кубогы кезеңі өтті. Спортшылар «могул», «параллель могул» және «шаңғы акробатикасы» түрлері бойынша сынға түсті. Қазақстандық спортшы Анастасия Городко финалда үшінші орын алып, қола медаль иеленді.

Сонымен қатар фристайл-могул, фристайл шаңғы акробатикасы, шаңғы жарысы, трамплинен шаңғымен секіру, тау шаңғысы және пара шаңғы жарысы бойынша ұлттық құрамалардың спорттық және салтанатты нысанды киімдері жаңартылды.

Бұдан бөлек, 2025 жылы Sport Qory қолдауымен Александра Скороходова халықаралық Арех2100 тау шаңғысы академиясында білім алды. Италияда өткен жасөспірімдер турнирінде спортшы алтын медаль жеңіп алды.

*На ІХ зимних Азиатских играх в Харбине мужская сборная Казахстана по фристайл-акробатике завоевала историческую золотую медаль в дисциплине «синхронные прыжки». В составе команды выступили Шерзод Хаширбаев и Роман Иванов.*

*При поддержке Фонда в Алматы в начале года состоялся Этап Кубка мира FIS по фристайлу. Спортсмены соревновались в дисциплинах «могул», «параллельный могул» и «лыжная акробатика». Казахстанская спортсменка Анастасия Городко завоевала бронзовую медаль, заняв третье место в финале.*

*Также была обновлена экипировка национальных сборных по фристайл-могулу, фристайл лыжной акробатике, лыжным гонкам, прыжкам на лыжах с трамплина, горнолыжному спорту, пара лыжным гонкам.*

*Кроме того, в 2025 году при поддержке Sport Qory Александра Скороходова прошла обучение в международной горнолыжной академии Арех2100. На юниорском турнире в Италии спортсменка завоевала золото.*



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ ФЕДЕРАЦИЯ ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКИ РК



 qazathletics.kz

 @qazathletics

## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. II Astana Indoor Meet for Amin Tuyakov Prizes халықаралық жарысын өткізу 2025 жылғы 25 қаңтар World Athletics Indoor Tour Gold Level

2. Қазақстанда World Athletics жарыстарының сериясын өткізуді ұйымдастыру және федерацияның негізгі міндеттерін іске асыру

*1. Проведение международного соревнования II Astana Indoor Meet for Amin Tuyakov Prizes 25 января 2025 года World Athletics Indoor Tour Gold Level*

*2. Организация проведения серии соревнований World Athletics в Казахстане и реализация основных задач Федерации*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*

2025 жылы қазақстандық жеңіл атлеттер бірнеше әлемдік турнирлерде бақ сынады. Оңтүстік Кореяның Гуми қаласында өткен Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпы есебі 6 медаль жеңіп алды, оның ішінде 3 алтын жүлде бар. Атап айтар болсақ, Нора Джеруто 5000 метрге жүгіруден және 3000 метрге кедергілермен жүгіруден чемпион атанды. Ал Дейзи Джеккемей 10 мың метрде топ жарды. Елизавета Матвеева биіктікке секіруден күміс алса, Ясмينا Тоқсанбаева спорттық жүрістен қола жүлде алды.

2025 жылы өткен жасөспірімдер арасындағы жазғы Азия ойындарында Қазақстан тарихи жетістікке қол жеткізді. Максим Сажнев диск лақтырудан чемпион атанды. Қазақстандық жеңіл атлеттер жалпы есебі 10 медаль жеңіп алды: 1 алтын, 2 күміс және 7 қола.

Жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатын Қазақстан командасы алты медальмен аяқтады.

Сондай-ақ, 2025 жылы Sport Qory қолдауымен Астанада ұйымдастырылған II Astana Indoor Meet for Amin Tuayakov Prizes халықаралық турнирі жоғары деңгейде өтті. Аталған сында қазақстандықтар Елизавета Матвеева мен Игорь Косолапов биіктікке секіруден қола жүлдегер атанды.

*В 2025 году казахстанские легкоатлеты приняли участие в нескольких мировых турнирах. На чемпионате Азии в Южной Корее сборная страны завоевала 6 медалей, в том числе 3 золотые. Нора Джеруто стала чемпионкой в беге на 5000 метров и беге с препятствиями на 3000 метров. А Дейзи Джеккемей стала лучшей в беге на 10 000 метров. Елизавета Матвеева завоевала серебро в прыжках в высоту, Ясмينا Тоқсанбаева – бронзу в спортивной ходьбе.*

*Казахстан добился исторического успеха на летних Азиатских играх среди юниоров 2025 года. Максим Сажнев стал чемпионом по метанию диска. Казахстанские легкоатлеты завоевали в общем зачете 10 медалей: 1 золотую, 2 серебряные и 7 бронзовых.*

*Чемпионат Азии среди юниоров команда Казахстана завершила с шестью медалями.*

*Также при поддержке Фонда в Астане прошел II международный турнир Astana Indoor Meet for Amin Tuayakov Prizes. Казахстанцы Елизавета Матвеева и Игорь Косолапов стали бронзовыми призерами в прыжках в высоту.*



# СУ СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ВОДНЫХ ВИДОВ СПОРТА



 aquatics.kz

 @aquatics.kz

### ЖОБА | ПРОЕКТ



1. Су спорты бойынша Ұлттық құрама командалары мен резервтерді Әлем және Азия чемпионаттарында сәтті өнер көрсетуге дайындау

2. Әлем чемпионатында, Азия Чемпионатында және жасөспірімдер Азия ойындарында сәтті өнер көрсету үшін су спорты түрлері бойынша ұлттық құрама команданы және резервті дайындау

3. 2025 жылы су спорты түрлері бойынша ҚР ҰҚК спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Подготовка национальных сборных команд и резерва по водным видам спорта для успешного выступления на Чемпионатах мира и Азии*

*2. Подготовка национальной сборной команды и резерва по водным видам спорта для успешного выступления на Чемпионате мира, Азии и Юношеских Азиатских играх*

*3. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по водным видам спорта в 2025 году*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге, ҚР шегінде және одан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындарына қатысуға, ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысуға, жаттықтырушылар мен мамандардың еңбегіне ақы төлеуге, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алуға, медициналық тексеруге, басқару аппаратын ұстауға және үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыруға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, участия в учебно-тренировочных сборах в пределах и за пределами РК, участия в соревнованиях за пределами РК, расходов на оплату труда тренеров и специалистов, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, медицинского обследования, расходов на содержание аппарата управления, организации непрерывного спортивного процесса*



2025 жыл Қазақстанның әлемдік аренадағы белсенді қатысуымен ерекшеленді. Ахмедабад қаласында өткен Азия чемпионатында тарихи жетістік тіркеліп, қазақстандық жүзушілер алғаш рет 10 медаль жеңіп алды. Ал артистік жүзу шеберлері біріншілік кубогын иеленсе, су добынан ерлер және әйелдер құрамалары ең мықты үштіктің қатарына енді. Сондай-ақ Әлем Кубогы кезеңдерінде де отандық спортшылар жоғары деңгейін көрсетіп, жүлде тұғырынан тұрақты көрінді. Ислам ынтымақтастығы ойындары барысында жүзуден Қазақстан құрамасы екінші орын алып, жалпы 11 медаль жеңіп алды. Ал Жасөспірімдер арасындағы Азия ойындары аясында отандық спортшылар жүлденің толық жиынтығын иеленіп, 100 метрге шалқалай жүзуде рекорд жаңартты. Жылдың басты қорытынды оқиғасы Қазақстан астанасында 2026 жылы өтетін жүзуден «Silk Road 2026» Әлем Кубогының финалдық кезеңі турнирін өткізу туралы World Aquatics ұйымымен келісімге қол қойылуы болды.

*2025 год ознаменован присутствием Казахстана на мировой арене: Исторический триумф был зафиксирован на чемпионате Азии в Ахмедабаде, где пловцы впервые завоевали 10 медалей, мастера артистического плавания взяли Кубок первенства, а ватерполисты (мужчины и женщины) вошли в топ-3 сильнейших. Высокий класс подтвердили и этапы Кубка мира, где наши атлеты стабильно поднимались на пьедестал почёта, а также Игры исламской солидарности (2-е место в плавании, 11 медалей) и Юношеские Азиатские игры с полным комплектом наград и рекордом на 100-метровке на спине. Кульминацией года стало подписание соглашения с World Aquatics о проведении финального этапа Кубка мира по плаванию «Silk Road 2026» в столице Казахстана.*

# ҚР ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ФЕДЕРАЦИЯ НАСТОЛЬНОГО ТЕННИСА РК

ttfrk.kz

@ttfrk



## ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылы үстел теннисінен ҚР ұлттық командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*Обеспечение выплат спортивному персоналу национальной команды РК по настольному теннису в 2025 году*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар бөлігінде

*В части расходов на оплату труда тренеров*

Үстел теннисінен Қазақстан ұлттық құрамасы 2025 жылы 47 медаль жеңіп алып, 2026 жылғы командалық әлем чемпионатына қатысуға жолдаманы қамтамасыз етті. Жылдың басты оқиғасы: 2025 жылғы 27 мамырда International Table Tennis Federation (ITTF) Бас ассамблеясында қабылданған тарихи шешім болды: Астана қаласы тарихта алғаш рет 2027 жылы үстел теннисінен Әлем чемпионаты турнирін өткізетін орын ретінде таңдалуы болды.



*Национальная команда по настольному теннису завоевала в 2025 году 47 медалей, обеспечив участие в командном чемпионате мира 2026 года. Кульминацией года стало историческое решение, принятое 27 мая 2025 года на Генеральной ассамблее International Table Tennis Federation (ITTF), – Астана впервые в истории выбрана местом проведения чемпионата мира по настольному теннису 2027 года.*



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВЕЛОСИПЕД СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ВЕЛОСИПЕДНОГО СПОРТА



 cycling.kz

 @kcfkz

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстанның велосипед спорты федерациясы РҚБ-ның 2025 жылға арналған жарғылық қызметін қамтамасыз ету
2. Спортшы А.А. Луценконың 2026 жылғы Азия ойындарына дайындығы
3. 2025 жылы велоспорт түрлері бойынша ҚР ҰҚК спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Обеспечение уставной деятельности РОО «Казakhstanская федерация велосипедного спорта» на 2025 год*

*2. Подготовка к Азиатским играм 2026 года спортсмена Луценко А.А.*

*3. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по видам велоспорта в 2025 году*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстау, PR мен маркетингке және жаттықтырушылар мен спортшылардың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг, расходов на оплату труда тренеров и спортсменов*





2025 жылы Федерация тарапынан велоспорттың тасжол, трек және маунтинбайк бағыттары бойынша 40-тан астам республикалық және халықаралық жарыс ұйымдастырылып, өткізілді. Қазақстандық велоспортшылар ірі халықаралық додаларда жалпы 36 медаль жеңіп алды: 14 алтын, 12 күміс және 10 қола. Жастар және жасөспірімдер спортын дамытуға, спорттық резерв даярлауға, сондай-ақ ел ішінде және шетелде оқу-жаттығу жиындарын өткізуге ерекше көңіл бөлінді. Жобалардың басым бөлігі Sport Qory қолдауымен жүзеге асты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша спортшылар, жаттықтырушылар және Федерация серіктестері қатысқан салтанатты қорытынды іс-шара өтті.



*В 2025 году Федерацией было организовано и проведено более 40 республиканских и международных соревнований по велоспорту на шоссе, треке и маунтинбайку. Казахстанские велоспортсмены завоевали 36 медалей на крупных международных стартах – 14 золотых, 12 серебряных и 10 бронзовых. Особое внимание уделялось развитию молодежного и юниорского спорта, подготовке спортивного резерва и проведению учебно-тренировочных сборов как внутри страны, так и за рубежом. Значительная часть проектов была реализована при поддержке Sport Qory. По итогам 2025 года также было проведено торжественное итоговое мероприятие с участием спортсменов, тренеров и партнёров Федерации.*




# ҰЛТТЫҚ СЕМСЕРЛЕСУ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ФЕХТОВАНИЯ



 kazfencing.kz

 @kazakhstan\_fencing

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылға арналған ҚР-да семсерлесуді дамыту
2. ҚР-да семсерлесуді дамыту, оның ішінде ҚР Ұлттық құрама командасын мүкәммалмен және құрал-жабдықтармен жарақтандыру
3. Қазақстан Республикасында семсерлесуді 2025 жылға дамыту, оның ішінде спорт ұжымының жалақысы

1. Развитие фехтования в РК на 2025 год
2. Развитие фехтования в РК, в том числе оснащение инвентарем и экипировкой НСК РК
3. Развитие фехтования в РК на 2025 год, в том числе заработная плата спортивного персонала



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды сатып алуға, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыруға, спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеуге, PR мен маркетингке, сондай-ақ басқару аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на оплату труда спортсменов и тренеров, расходов на PR и маркетинг, а также расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы халықаралық маусым қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар әртүрлі деңгейдегі турнирлерде (жеке және командалық дисциплиналарды қоса алғанда) 59 медаль жеңіп алды: 9 алтын, 21 күміс және 29 қола. Ұлттық құрама Азия чемпионатында және Әлем Кубогы кезеңдерінде сәтті өнер көрсетті. Сондай-ақ Тбилиси қаласында өткен семсерлесуден Әлем чемпионаты барысында тарихи қола медальға қол жеткізді. Одан бөлек, Манама қаласында өткен ардагерлер арасындағы семсерлесуден Әлем чемпионаты турнирінде қазақстандық семсерлесушілер табысты нәтиже көрсетіп, күміс медаль жеңіп алды.

*В 2025 году по итогам международного сезона казахстанские спортсмены завоевали 59 медалей на турнирах различного уровня (9 золотых, 21 серебряную и 29 бронзовых), включая личные и командные дисциплины. Сборная успешно выступила на чемпионате Азии и этапах Кубка мира, а также завоевала исторические бронзовые медали на чемпионате мира в Тбилиси. Кроме того, стоит отметить успешное выступление казахстанских фехтовальщиков на чемпионате мира среди ветеранов в Манама, где была завоёвана серебряная медаль.*



# ЕСУ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША «ҚАЙЫҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫ»

«ФЕДЕРАЦИЯ КАЙЫК»

ПО ГРЕБНЫМ ВИДАМ СПОРТА



Facebook @kaikfederation

Instagram @qaiyqfederation

## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылы есу спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

2. Қазақстан Республикасының ескек есу спорт түрлерінде бұқаралықты дамыту, ескек есу спортының жасөспірімдер, жастар және ересектер халықаралық жарыстарында табысты өнер көрсетуі

1. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по гребным видам спорта в 2025 году

2. Развитие массовости в гребных видах спорта РК, успешное выступление гребных видов спорта на юношеских, молодежных и взрослых международных соревнованиях

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу, үздіксіз спорт процесін ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на оплату труда тренеров, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы байдарка мен каноэде есу, академиялық есу және есу слаломы бойынша ұлттық құрама спортшылары Азия чемпионатында 28 алтын, 37 күміс және 29 қола медаль жеңіп алды. Басқа да халықаралық турнирлердің қорытындысы бойынша 10 алтын, 3 күміс және 7 қола медаль иеленді.

*В 2025 году спортсмены национальных сборных команд по гребле на байдарках и каноэ, академической гребле и гребному слалому завоевали 28 золотых, 37 серебряных и 29 бронзовых медалей на чемпионате Азии. По итогам других международных турниров было завоевано 10 золотых, 3 серебряные и 7 бронзовых медалей.*



# АЛЬПИНИЗМ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ АЛЬПИНИЗМ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ АЛЬПИНИЗМА И СПОРТИВНОГО СКАЛОЛАЗАНИЯ



 mountain.kz

 @kazclimbing



### ЖОБА | ПРОЕКТ

Спорттық өрмелеуді дамыту

*Развитие спортивного скалолазания*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтарды сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылғы спорт маусымының қорытындысы бойынша спорттық құзға өрмелеуден Қазақстан құрамасының көшбасшысы Амир Маймуратов World Climbing әлемдік рейтингінде 8-орынға ие болды. Бұл рейтингте әлемнің ең мықты 130-дан астам спортшысы тіркелген. Сондай-ақ «жылдамдық» дисциплинасы бойынша Қазақстан Республикасының ерлер құрамасы маусым қорытындысында World Climbing командалық әлемдік рейтингінде 4-орын алды. Аталған рейтингке әлемнің шамамен 30 елі бар.



Қытайда өткен XII Дүниежүзілік ойындар барысында Ришат Хайбуллин «жылдамдық» дисциплинасы бойынша қола медаль жеңіп алды. Ал Францияда өткен World Climbing Әлем кубогы кезеңі жарысында спортшы осы дисциплинада 2-орын иеленді. Ски-альпинизм бойынша Қазақстан құрамасы Қысқы Азия ойындары қорытындысында жалпыкомандалық есепте үшінші орын алды. Ал Асем Назырова ски-альпинизмнен Азия кубогында алтын медаль жеңіп алды.

Sport Ory қолдауымен алғаш рет Қазақстан аумағында спорттық құзға өрмелеуден Азия Кубогы сәтті өтті. Жарыста Азияның 100-ге жуық спортшысы бақ сынады. Азия Кубогының қорытындысы бойынша жүлде тұғырына қазақстандық спортшылар Ришат Хайбуллин пен Анна Баларшина көтерілді. Сондай-ақ Қордың қолдауымен спортшылардың спорттық формасы мен спорттық құрал-жабдықтары жаңартылды.

*По итогам спортивного сезона 2025 года лидер сборной Казахстана по спортивному скалолазанию Амир Маймуратов занял 8 место в мировом рейтинге World Climbing в котором представлены более 130 сильнейших спортсменов мира. Мужская сборная команда Республики Казахстан по дисциплине «Скорость» по итогам сезона заняла 4 место в мировом командном рейтинге World Climbing, в котором представлены около 30 стран мира.*

*На XII Всемирных играх в Китае Ришат Хайбуллин завоевал бронзовую медаль в дисциплине «Скорость». А на этапе Кубка мира World Climbing во Франции спортсмен занял 2 место в дисциплине «Скорость». Команда по ски-альпинизму заняла третье общекомандное место на зимних Азиатских играх. Асем Назырова завоевала золотую медаль на Кубке Азии по ски-альпинизму.*

*При поддержке Sport Ory впервые в истории на территории Казахстана был успешно проведён Кубок Азии по спортивному скалолазанию. В соревнованиях приняли участие около 100 спортсменов из стран Азии. По итогам Кубка Азии пьедестал почёта завоевали казахстанские спортсмены Ришат Хайбуллин и Анна Баларшина. Также при поддержке Фонда была обновлена форма спортсменов и спортивный инвентарь.*



# ГРЕК-РИМ, ЕРКІН ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ФЕДЕРАЦИЯ ГРЕКО-РИМСКОЙ,  
ВОЛЬНОЙ И ЖЕНСКОЙ БОРЬБЫ



 [wrestling.kz](http://wrestling.kz)

 [@kazwrestling\\_official](https://www.instagram.com/kazwrestling_official)

## ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылға арналған грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша ҚР ҰҚК спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по греко-римской, вольной и женской борьбе на 2025 год*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт ұжымына еңбекақы және өзге де сыйақылар төлеуге арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда спортсменов и тренеров*

2025 жылы Қазақстанның күрес құрамасы халықаралық аренада табысты өнер көрсетіп, 116 медаль жеңіп алды және әлемдік рейтингте жоғары орындарға көтерілді. Күрес түрлерінен Әлем чемпионатында (Загреб, Хорватия) грек-рим күресінен Айдос Сұлтанғали (60 кг) жүлдегер атанса, еркін күрестен Нұрқожа Қайпанов (70 кг) пен Асылжан Есенгелді (61 кг) қола медаль иеленді.

Күрес түрлерінен Азия чемпионатында (Амман, Иордания) Қазақстан құрамасы 11 медаль жеңіп алып, Нұрқожа Қайпанов пен Жамила Бақбергенова алтын тұғырға көтерілді. Жасөспірімдер құрамасы да жоғары нәтиже көрсетіп, U17 санатында 40 медаль, ал U15 құрамасы Бішкектегі Азия чемпионатында 16 жүлде еншіледі.


*В 2025 году спортсмены федерации завоевали 116 медалей, поднявшись в мировом рейтинге. На чемпионате мира по борьбе в Хорватии борец греко-римского стиля Айдос Султангали стал победителем в весовой категории до 60 килограммов. В вольной борьбе бронзовыми призерами стали Нуркожа Кайпанов (70 кг) и Асылжан Есенгельды (61 кг).*

*На чемпионате Азии по борьбе в Иордании сборная Казахстана завоевала 11 медалей. Нуркожа Кайпанов и Жамила Бакбергенова поднялись на первую ступень пьедестала. Юношеская сборная также показала высокие результаты, завоевав 40 медалей в категории U17, а сборная U15 выиграла 16 медалей на чемпионате Азии в Бишкеке.*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНЬКИШІЛЕР ОДАҒЫ


КАЗАХСТАНСКИЙ СОЮЗ  
КОНЬКОБЕЖЦЕВ



**QKO**

Qazaqstan  
konkişiler odaғы

 skating.kz

 @qaz.iceteam



## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстан Республикасында конькимен жүгіру спорт түрлерін дамытудың 2025 жылға арналған бағдарламасы
2. 2025 жылы Астанада шорт-тректен жасөспірімдер арасындағы Әлем кубогының кезеңдерін өткізу
3. 2025 жылға шорт-трек және конькимен жүгіру бойынша Қазақстан Республикасы спорт кешенінің қызметкерлеріне ақы төлеуді қамтамасыз ету



1. Программа развития конькобежных видов спорта в Республике Казахстан на 2025 год
2. Проведение этапов Кубка мира среди юниоров по шорт-треку в Астане в 2025 году
3. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК Республики Казахстан по шорт-треку и конькобежному спорту в 2025 году



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорт ұжымына медициналық қызмет көрсету, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алу, жаттықтырушылар мен спортшыларға жа-лақы төлеу, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, расходов на медицинское обслуживание спортивного персонала, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, выплат заработных плат тренерам и спортсменам, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



2025 жылы қазақстандық конькишілер әлемдік аренада сенімді өнер көрсетті. Евгений Кошкин ISU Әлем кубогының кезеңдерінде 2 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алса, Надежда Морозова Хамар қаласындағы Әлем кубогы кезеңінде және коньки спортынан Төрт құрлық чемпионатында күміс медальға ие болды.

Италияда өткен ISU Speed Skating Junior World Cup жарысында қазақстандық жас конькишілер 11 медаль, оның ішінде 4 алтын медаль жеңіп алды. Қысқы Азия ойындарында ерлер шорт-трек құрамасы 5000 м эстафетасында алтын медаль иеленсе, әйелдер мен аралас құрамалар күміс медальға ие болды. Денис Никиша Әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алды. Ал 2025 жылғы Турин қаласында өткен Универсиададан аралас эстафетада Қазақстан құрамасы қола медальмен оралды.

Sport Qory қолдауымен Астанада шорт-тректен ISU Junior World Cup екі кезеңі сәтті өтті. Қазақстандық жасөспірім спортшылар аталмыш жарыстарда бірнеше медаль жеңіп алып, жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

Маусымдық іріктеу қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар 2026 жылғы Милан-Кортина қысқы Олимпиадасына лицензиялар жеңіп алды.

*В 2025 году казахстанские конькобежцы уверенно проявили себя на мировой арене: Евгений Кошкин завоевал два золота, одно серебро и бронзу на этапах Кубка мира ISU, а Надежда Морозова выиграла серебряные медали на этапе Кубка мира в Хамаре и на Чемпионате четырёх континентов по конькобежному спорту.*

*На ISU Speed Skating Junior World Cup в Италии казахстанские юные конькобежцы завоевали 11 медалей, включая четыре золота. На Азиатских зимних играх мужская сборная по шорт-треку завоевала золото в эстафете 5000 м, женская и смешанная сборные – серебро. Денис Никиша принес серебро на чемпионате мира, а на Универсиаде-2025 сборная вернулась с бронзой в смешанной эстафете в Турине.*

*При поддержке Sport Qory Казахстан успешно принял два этапа ISU Junior World Cup по шорт-треку в Астане, где казахстанские юниоры завоевали ряд медалей и продемонстрировали высокий уровень подготовки. По итогам квалификации сезона казахстанские спортсмены завоевали лицензии на Олимпийские зимние игры 2026 в Милане-Кортине.*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТТЫҚ АТУ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ СПОРТИВНОЙ СТРЕЛЬБЫ

shooting-sports.kz

@kazshooting



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2026 жылғы Азия ойындарына (Жапония) дайындық аясында 2028 жылы Лос-Анджелес (АҚШ) Олимпиадасының рейтингін жеңіп алу мақсатында Шымкент қаласында 2025 жылғы рейтингтік Азия чемпионатын өткізу

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт кешенінің спорт қызметкерлеріне 2025 жылға арналған спорттық ату бойынша төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Проведение рейтингового чемпионата Азии 2025 в г. Шымкент с целью завоевания рейтинга на ОИ Лос-Анджелес 2028 (США), в рамках подготовки к Азиатским Играм 2026*

*2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по спортивной стрельбе на 2025 год*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алуға, басқару аппаратын ұстауға, жаттықтырушылар мен спортшылардың еңбегіне ақы төлеуге және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, расходов на содержание аппарата управления, оплаты труда тренеров и спортсменов, расходов на PR и маркетинг*

2025 жылы Қазақстан құрамасы халықаралық аренада барлығы 224 медаль (72 алтын, 75 күміс және 77 қола медаль) жеңіп алды.

Sport Qory қолдауымен федерация Шымкентте спорттық атудан Азия чемпионатын ұйымдастырды. Жарысқа 27 елден 1 500-ден астам спортшы қатысты. Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 2 орынға ие болып, 70 медаль жеңіп алды: 21 алтын, 24 күміс және 25 қола.

*В 2025 году сборной командой завоевано 224 медали на международной арене (72 золотые, 75 серебряных, 77 бронзовых).*

*При поддержке Sport Qory федерация провела Чемпионат Азии по спортивной стрельбе в Шымкенте, в котором приняли участие более 1500 спортсменов из 27 стран. По итогам выступления сборная команда Казахстана заняла 2-е место в общекомандном зачете, завоевав 70 медалей: 21 золотую, 24 серебряные и 25 бронзовых.*

# ҚАЗАҚСТАН БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОКСА



kfb.kz



@boxingkazakhstan



@boxing\_kazakhstan\_



@boxing\_kazakhstan



Kazakhstan Boxing Federation

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылға арналған U22 бокстан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының жаттықтырушыларына жалақы төлеу және спорттық мүкәммалмен, жабдықпен қамтамасыз ету. Негізгі құралдарды сатып алу
2. Бокстан халықаралық турнирлер мен жарыстарға қатысу, спортшыларды медициналық қамтамасыз ету, 2025 жылға арналған басқару аппаратын спорттық құрал-жабдықтармен, жабдықтармен қамтамасыз ету және ұстау
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының жаттықтырушыларына, Бокстан спорт төрешілеріне, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындарына және бокстан 2025 жылға арналған халықаралық турнирлерге еңбекақы төлеу
4. Бокстан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спортшыларына, жаттықтырушыларына 2025 жылға арналған ақшалай қаражат төлемдері



1. Выплата заработной платы тренерам национальной сборной команды Республики Казахстан по боксу U22 на 2025 год и обеспечение спортивным инвентарем, экипировкой. Приобретение основных средств
2. Проведение и участие в международных турнирах и соревнованиях по боксу, медицинское обеспечение спортсменов, обеспечение спортивным инвентарем, экипировкой и содержание аппарата управления на 2025 год
3. Выплата заработной платы тренерам национальной сборной команды Республики Казахстан, спортивным судьям по боксу, а также на учебно-тренировочные сборы и участие в международных турнирах по боксу на 2025 год
4. Выплаты денежных средств спортсменам, тренерам национальной сборной команды Республики Казахстан по боксу на 2025 год





## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сый-ақылар, оқу-жаттығу жиындарына қатысу, спорттық ұжымды медициналық қамтамасыз ету, құрал-жабдықты сатып алу, басқару аппаратын ұстауға және үздіксіз спорттық процессті қамтамасыз етуге арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части медицинского обслуживания спортивного персонала, участия в УТС в пределах и за пределами РК, участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда спортсменов, тренеров и специалистов, расходов на содержание аппарата управления, а также организации непрерывного спортивного процесса*

2025 жылы World Boxing ұйымы өткізген ересектер арасындағы алғашқы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Әлемдік додаға 68 елден 540 боксшы қатысып, қазақстандық спортшылар 7 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды.

Sport Qory қолдауымен 30 маусым - 6 шілде аралығында Астана қаласында World Boxing аясындағы Әлем кубогының кезеңі өтті. Жарысқа 30 елден 300-ден астам боксшы қатысып, 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады. Қазақстан құрамасы 8 алтын, 4 күміс және 4 қола жүлде иеленді.

Сонымен қатар, Федерация кубогы қайта жаңғыртылып, өңірлердегі боксты дамытуға бағытталды. Бұдан бөлек, отандық мамандар халықаралық комиссиялар құрамына енді.

*В 2025 году на первом чемпионате мира среди взрослых, организованном World Boxing, национальная сборная Казахстана заняла первое место в общекомандном зачете. В чемпионате приняли участие 540 боксеров из 68 стран. В результате казахстанские спортсмены завоевали 7 золотых, 1 серебряную и 2 бронзовые медали.*

*При поддержке Sport Qory с 30 июня по 6 июля в Астане прошел этап Кубка мира по боксу под эгидой World Boxing. В нем приняли участие более 300 боксеров из 30 стран, которые показывали свое мастерство в 10 весовых категориях. Сборная Казахстана завоевала восемь золотых, четыре серебряные и четыре бронзовые медали.*


*Кроме того, был возобновлен Кубок федерации. Проект направлен на развитие бокса в регионах. Плюс ко всему, казахстанские специалисты вошли в состав международных комиссий.*



# АУЫР АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ТЯЖЕЛОЙ АТЛЕТИКИ



 wfrk.kz

 @wf\_rk

### ЖОБА | ПРОЕКТ



1. Ауыр атлет Е.Е. Сейтқазыны медициналық тексеру және оңалту
2. Ауыр атлетика федерациясының жарғылық қызметін қамтамасыз ету
3. 2025 жылы ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

1. *Медицинское обследование и реабилитация спортсмена по тяжелой атлетике Сейтқазы Е.Е.*

2. *Обеспечение уставной деятельности Федерации тяжелой атлетики*

3. *Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по тяжелой атлетике в 2025 году*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, жарыстарға қатысу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, спорт ұжымына медициналық қызмет көрсету, спорттық құрал-жабдықтар сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в соревнованиях в пределах РК, медицинского обслуживания спортивного персонала, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда спортсменов, тренеров, специалистов, расходов на содержание аппарата управления, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на PR и маркетинг*





2025 жылы Қазақстан Республикасының ауыр атлетикадан ұлттық құрамасы халықаралық аренада табысты өнер көрсетті. Перуде өткен жасөспірімдер және қыздар арасындағы ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында қазақстандық спортшылар 14 медаль (6 алтын, 3 күміс, 5 қола) жеңіп алды. Ал Қытайда өткен Ауыр атлетикадан Азия чемпионатында отандық спортшылар ел қоржынына 1 күміс және 1 қола жүлде салды.

Қор қолдауымен Астана қаласында жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты ұйымдастырылды. Ел намысын 36 спортшы қорғап, 17-20 жас аралығындағы атлеттер жұлқа көтеру мен серпе көтеру жаттығулары бойынша сынға түсті. Қазақстандық зілтеміршілер 3 әлемдік және 7 Азия рекордын жаңартты. Нәтижесінде ұлттық құрама 50 медаль (21 алтын, 12 күміс, 17 қола) жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді. Манамада өткен III Жасөспірімдер Азия ойындарында қазақстандық атлеттер 3 алтын, 4 күміс, 2 қола медаль жеңіп алды. Алихан Әскербай мен Нұржан Жұмабай жарыс барысында рекорд орнатты. Сонымен қатар, Ислам ынтымақтастығы ойындарында қазақстандық ауыр атлеттер 3 алтын, 4 күміс және 5 қола медаль иеленді.

*В 2025 году национальная сборная Республики Казахстан по тяжелой атлетике показала успешные результаты на международной арене. На чемпионате мира среди юношей, juniоров и девушек по тяжелой атлетике в Перу казахстанские спортсмены завоевали 14 медалей (6 золотых, 3 серебряные и 5 бронзовых). На чемпионате Азии в Китае команда принесла в копилку страны одну серебряную и одну бронзовую медали.*

*При поддержке Фонда в Астане прошел чемпионат Азии по тяжелой атлетике среди юношей и juniоров. Честь Казахстана защищали 36 атлетов. Участники в возрасте от 17 до 20 лет соревновались в классических упражнениях – рывке и толчке. Казахские атлеты побили 3 мировых рекорда и 7 азиатских рекордов. По итогам чемпионата сборная завоевала 50 медалей (21 золотую, 12 серебряных и 17 бронзовых), заняв первое место в медальном зачете. На III Юношеских Азиатских играх в Манама команда выиграла 3 золотые, 4 серебряные и 2 бронзовые медали. Алихан Аскербай и Нуржан Жумабай установили рекорды. На Играх исламской солидарности-2025 казахстанские тяжелоатлеты завоевали три золотые, четыре серебряные и пять бронзовых медалей.*



# ДЗЮДО ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ДЗЮДО



fdk.kz



@kaz\_judoteam



@kazjudoteam



@KazJudoTeam

## ЖОБА | ПРОЕКТ



1. 2027 жылы дзюдодан Әлем чемпионатын өткізу үшін Халықаралық Дзюдо федерациясының (IJF) лицензиясы үшін жарна және шетелдік жаттықтырушыларға төлем
2. 2027 жылы дзюдодан Әлем чемпионатын өткізу үшін Халықаралық Дзюдо федерациясының (IJF) лицензиясы үшін жарнаның екінші траншы
3. 2025 жылы дзюдодан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық дзюдо кеңесін құру және дайындау, дзюдодан спорттық іс-шараларды өткізу, 2025 жылға арналған әкімшілік аппаратты ұстау және 2027 жылы дзюдодан әлем чемпионатын өткізуге Халықаралық дзюдо федерациясынан (IJF) лицензия алу үшін алым

1. Взнос за получение лицензии Международной федерации дзюдо (IJF) для проведения чемпионата мира по дзюдо в 2027 году и оплата иностранным тренерам
2. Второй транш взноса за получение лицензии Международной федерации дзюдо (IJF) для проведения чемпионата мира по дзюдо в 2027 году
3. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по дзюдо в 2025 году
4. Формирование и подготовка НСК РК, проведение спортивных мероприятий дзюдо, содержание аппарата управления на 2025 год и взнос на получение лицензии Международной федерации дзюдо (IJF) для проведения чемпионата мира по дзюдо в 2027 году



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт ұжымына төлемдер және өзге де сыйақылар, басқару аппаратын ұстауға және үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыруға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части организации непрерывного спортивного процесса, выплат и иных вознаграждений спортивному персоналу, расходов на содержание аппарата управления*



2025 жылы дзюдодан Қазақстан ересектер құрамасы 2025 жылы 15 әлемдік додаға қатысып, барлығы 62 жұлдемен жылды аяқтады. Отандық дзюдошылар 10 алтын, 17 күміс және 35 қола медаль еншіледі. Ал Қазақстан жастар құрамасы 7 жарысқа қатысып, 69 медальға қол жеткізді: алтын – 10, күміс – 22, қола – 37. Сонымен қатар, Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 8 халықаралық жарысқа қатысып, барлығы 114 медаль жеңіп алды: 28 – алтын, 28 – күміс, 58 – қола жұлде.

Жылдың басты оқиғасы – әлем чемпионатындағы тарихи жетістік болды. Әбиба Әбу-жақынова финалға шығып, күміс медаль иеленді. Осылайша, ол әлем чемпионатының финалына шыққан алғашқы қазақстандық әйел дзюдошы атанды. Бұған дейін Қазақстанның әйелдер құрамасынан бірде-бір спортшы әлем біріншілігінің финалына жолдама ала алмаған еді. Айта кетейік, Әбиба Абужақынова жыл қорытындысы бойынша Халықаралық дзюдо федерациясының әлемдік рейтингінде көш бастап, өз салмақ дәрежесінде ең үздік дзюдошы ретінде бірінші орынға жайғасты.

Сондай-ақ, Қор қолдауымен Астана қаласында әлемдегі ең беделді турнирлердің бірі – Grand Slam сериясының кезеңі өтті. Аталған жарысқа 47 елден 412 спортшы қатысып, жоғары деңгейдегі бәсекелестік орнады.

*В 2025 году национальная сборная Казахстана по дзюдо приняла участие в 15 международных соревнованиях и завершила год с 62 медалями – 10 золотых, 17 серебряных и 35 бронзовых наград. В свою очередь, молодежная сборная приняла участие в 7 соревнованиях и завоевала 69 медалей: 10 золотых, 22 серебряные и 37 бронзовых. Кроме того, юниорская сборная Казахстана выступила на 8 международных турнирах и завоевала в общей сложности 114 медалей, в том числе 28 золотых, 28 серебряных и 58 бронзовых.*

*Главным событием года стало историческое достижение на чемпионате мира. Абиба Абужақынова вышла в финал и завоевала серебряную медаль, став первой казахстанской дзюдоисткой, достигшей финала мирового первенства. По итогам года Абиба Абужақынова возглавила мировой рейтинг Международной федерации дзюдо в своей весовой категории.*

*Также при поддержке фонда в Астане прошел один из самых престижных мировых турниров – этап серии Grand Slam. Соревнования собрали 412 спортсменов из 47 стран.*



# ДЕНИС ТЕН ҚОРЫ

## ФОНД ДЕНИСА ТЕН

Instagram @denistenfoundation



### ЖОБА | ПРОЕКТ

Мәнерлеп сырғанаудан «Denis Ten Memorial Challenge» халықаралық турнирі

*Международный турнир по фигурному катанию "Denis Ten Memorial Challenge"*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, расходов на содержание аппарата управления, а также расходов на PR и маркетинг*



Sport Qory қолдауымен Алматыда мәнерлеп сырғанаудан VI халықаралық Denis Ten Memorial Challenge 2025 турнирі өтті. Турнирге шақырылған қонақтар қатарында мәнерлеп сырғанаудың танымал өкілдері Татьяна Тарасова, олимпиада чемпионы Татьяна Волосожар мен Максим Траньков, сондай-ақ Ари Закарян болды.

Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасындағы жеке сында Михаил Шайдоров (282,22) бірінші орынды жеңіп алса, екінші орынды Ника Эгадзе (266,90) иеленді. Үздік үштікті Джейсон Браун (257,81) түйіндеді. Әйелдер арасындағы жеке сында бірінші орынды Ли Хэин (196,84) иеленсе, екінші орын Юн Асун (174,37), үшінші орынды Мэдлин Скизас (164,39) алды. Мұз үстіндегі би санаты бойынша Диана Дэвис/Глеб Смолкин (193,14) жұбы иеленсе, екінші орынды Уна Браун/Гейдж Браун (178,86) жеңіп алды. Ал үшінші орынды Милла Рууд Рейтан/Николай Майоров (177,25) жұбы түйіндеді. Турнир жеңімпаздар мен жүлдегерлердің қатысуымен өткен гала-шоумен қорытындыланды.

*При поддержке Sport Qory в Алматы прошел VI международный турнир по фигурному катанию Denis Ten Memorial Challenge 2025. В числе приглашённых гостей и известных представителей мира фигурного катания в Алматы присутствовали Татьяна Тарасова, олимпийские чемпионы Татьяна Волосожар и Максим Траньков, а также Ари Закарян.*

*По итогам соревнований в мужском одиночном катании победил Михаил Шайдоров (282.22), второе место занял Ника Эгадзе (266.90), третье – Джейсон Браун (257.81); в женском одиночном катании первое место заняла Ли Хэин (196.84), второе – Юн Асун (174.37), третье – Мэдлин Скизас (164.39). В дисциплине танцев на льду победителями стали Диана Дэвис/Глеб Смолкин (193.14), второе место заняли Уна Браун/Гейдж Браун (178.86), третье – Милла Рууд Рейтан/Николай Майоров (177.25). Турнир завершился гала-шоу с участием победителей и призёров.*



# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОКСА



@krg\_boxing\_federation

### ЖОБА | ПРОЕКТ

XXX Олимпиада ойындарының чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Серік Сапиевтың жұлделері үшін XIII халықаралық жарысты ұйымдастыру және өткізу

*Организация и проведение XIII международного турнира на призы чемпиона XXX летних Олимпийских игр, обладателя кубка Вэла Баркера, заслуженного мастера спорта Республики Казахстан Серика Сапиева*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*

Sport Qory қолдауымен 2025 жылдың 21-25 қазан күндері Қарағанды қаласында, Серік Сәпиев атындағы бокс орталығы базасында XXX Олимпиада ойындарының чемпионы, Вэл Баркер Кубогының иегері Серік Сәпиев жұлдесіне арналған 2010-2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында бокстан XIII халықаралық турнир өтті.

Жарысқа барлығы 309 жас боксшы қатысты. Олардың қатарында Қазақстанның барлық өңірлері және 7 шет мемлекеттен келген спортшылар бар. Турнирге алғаш рет Чехия мен Моңғолия құрамалары қатысты.

*При поддержке Sport Qory с 21 по 25 октября 2025 года в Караганде прошел XIII международный турнир по боксу среди юношей и девушек 2010–2011 годов рождения на призы чемпиона XXX Олимпийских игр, обладателя Кубка Вэла Баркера Серика Сапиева.*

*Всего в соревнованиях приняли участие 309 юных боксеров, в том числе спортсмены со всех регионов Казахстана и 7 зарубежных стран. В турнире впервые приняли участие сборные Чехии и Монголии.*

# АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА ГОРОДА АСТАНЫ



 [astanatriathlon.kz](http://astanatriathlon.kz)

 @astana\_triathlon

### ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылы бірлік  
жүгірісін өткізу

*Проведение Забега Единства  
в 2025 году*


### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу және PR мен маркетинг шығындары бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, расходов на PR и маркетинг*

Қордың қолдауымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Астанада республикалық «Бірлік жүгірісі 2025» шарасы өтті. Бұл іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналды. Жарысқа әртүрлі жастағы 3 000-нан астам қатысушы қатысты. Олар келесі қашықтықтарға жүгірді: 1 км (балалар және инклюзивтік жүгірулер), 5 км (скандинавиялық жүгіріс), 5 км, 10 км, 21,1 км және 30 км (командалық эстафета).

*При поддержке Фонда 1 мая в День единства народа Казахстана в Астане прошел республиканский забег «Бірлік жүгірісі 2025», приуроченный к 30-летию Ассамблеи народа Казахстана. Более 3000 человек разных возрастов пробежали разные дистанции: 1 км (детский и инклюзивный забеги), 5 км (скандинавская ходьба), 5 км, 10 км и 21,1 км, 30 км (командная эстафета).*





КАЗАХСТАНСКАЯ  
ФЕДЕРАЦИЯ  
ТРИАТЛОНА

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ

КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА

 triathlon.org.kz

 @triathlonorgkz

 @triathlonorgkz

 @kazakhstantriathlonfederat5364

## ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылы Астана, Көкшетау, Қостанай және Түркістан қалаларында спорттық іс-шаралар өткізу

*Проведение спортивно-массовых мероприятий в г.Астана, г.Кокшетау, г.Костанай, г.Туркестан в 2025 году*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, ұжымға медициналық қызмет көрсету, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, медицинского обслуживания персонала, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



Қазақстан спортшылары 2025 жылы халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. Соның ішінде Джидда қаласында өткен Азия чемпионаты (жасөспірімдер), Иорданияның Акаба қаласындағы U23 және U19 санаттары бойынша Азия чемпионаты, сондай-ақ Бахрейннің Манама қаласындағы III Жасөспірімдер Азия ойындары маңызды орын алды. Манамада Рамазан Айнегов күміс медаль жеңіп алды. Жылдың елеулі жетістігі ретінде Бурабай және Түркістан қалаларында өткен триатлоннан Азия кубогының кезеңдерін айтуға болады. Бурабайдағы жарысқа Қазақстан, Беларусь, Чехия, Германия, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Эстония, Түркия, Өзбекстан және Жапониядан 120-дан астам спортшы қатысты. Ерлер арасындағы элиталық санатта Қазақстан спортшысы Дарын Қонысбаев 1:46:28 нәтижесімен жеңімпаз атанды. Әйелдер арасындағы жасөспірімдер санатында алтын медальді Диана Ержанова иеленсе, қола медаль Анель Исабаеваға бұйырды. Жасөспірім ерлер арасындағы жарыста Қазақстан спортшылары Елмұрат Қанай, Илья Крупяков және Рамазан Айнегов тұғырдың үш сатысын иеленді. Asia Triathlon Cup Turkestan 2025 кезеңінде Қазақстан спортшылары 2 алтын, 2 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды. Сондай-ақ Түркістан қаласында төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған курстар ұйымдастырылып, мамандардың кәсіби деңгейін көтеру және саланың кадрлық әлеуетін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді.

*Казахстанские спортсмены успешно выступили на международных турнирах, включая чемпионат Азии среди юниоров в Джидде, чемпионат Азии в категориях U23 и U19 в Акабе (Иордания), а также III Юношеские Азиатские игры в Манама (Бахрейн), где Рамазан Айнегов завоевал серебряную медаль. Важным достижением года стало проведение этапов Кубка Азии по триатлону в Боровом и в Туркестане. В Боровом приняли участие более 120 атлетов из Казахстана, Беларуси, Чехии, Германии, Южной Кореи, Кыргызстана, Молдовы, России Эстонии, Турции, Узбекистана, Японии. Победителем в элитной категории у мужчин стал казахстанец Дарын Конысбаев, показав 1:46:28. В женской юниорской категории золото завоевала Диана Ержанова, а бронзу Анель Исабаева. Мужской юниорский подиум полностью заняли представители Казахстана – Елмурат Канай, Илья Крупяков, Рамазан Айнегов. На Asia Triathlon Cup Turkestan 2025 казахстанские спортсмены завоевали 2 золотые, 2 серебряные и 2 бронзовые медали. В Туркестане также были организованы судейские и тренерские курсы, направленные на повышение профессионального уровня специалистов и развитие кадрового потенциала отрасли.*




# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНЬКИМЕН МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ ОДАҒЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ СОЮЗ

ФИГУРНОГО КАТАНИЯ НА КОНЬКАХ



 kazfsu.kz

 @figureskating.kz

## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылға арналған Қазақстан Республикасында мәнерлеп сырғанауды дамыту
2. 2025 жылы конькимен сырғанаудан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Развитие фигурного катания на коньках в Республике Казахстан на 2025 год*

*2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК Республики Казахстан по фигурному катанию на коньках в 2025 году*


## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды сатып алу, спортшылардың еңбегіне ақы төлеу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда спортсменов, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы Софья Самоделкина ISU Grand Prix Figure Skating NHK Trophy турнирінде күміс медаль жеңіп алды және Хорватиядағы Challenger сериясы турнирінде – Golden Spin 2025 – қола медальға ие болды. Ал Михаил Шайдоров ISU CS Denis Ten Memorial Challenge 2025 турнирінде бірінші орынды иеленді, ISU Grand Prix Figure Skating Skate America турнирінде екінші орынды және ISU Grand Prix Figure Skating Cup of China турнирінде үшінші орынды алды. Сонымен қатар спортшылар Олимпиада лицензияларын жеңіп алды. Қазақстан тарихында алғаш рет мәнерлеп сырғанаудан қысқы Олимпиада ойындарында екі мәнерлеп сырғанаушы өнер көрсетеді. Сондай-ақ, 2025 жылы Қордың қолдауымен спорттық жабдықтар мен жабдықтар сатып алынды.

*В 2025 году Софья Самоделкина завоевала серебряную медаль на ISU Grand Prix Figure Skating NHK Trophy и бронзу на турнире серии Challenger в Хорватии – Golden Spin 2025. А Михаил Шайдоров занял первое место на ISU CS Denis Ten Memorial Challenge 2025, второе место на ISU Grand Prix Figure Skating Skate America и третье место на ISU Grand Prix Figure Skating Cup of China. Плюс ко всему спортсмены завоевали Олимпийские лицензии. Впервые в истории Казахстан на зимних Олимпийских играх в фигурном катании представят два фигуриста. Также в 2025 году при поддержке Фонда были приобретены спортивный инвентарь и экипировка.*



# QAZAQSTAN RUGBY

## QAZAQSTAN RUGBY

 kazrugby.kz

 @qazaqstanrugby



**KAZAKHSTAN  
RUGBY**

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылы ҚР ҰҚК тиімді жаттығу және жарыс процестерін қамтамасыз ету
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт кешенінің спорт қызметкерлеріне регби бойынша 2025 жылға арналған төлемдерді қамтамасыз ету

*1. Обеспечение эффективного тренировочного и соревновательного процессов НСК РК в 2025 году*

*2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по регби в 2025 году*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА



Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, жарыстарға қатысу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, оқу-жаттығу жиындарына қатысу, спорттық құрал-жабдықтар сатып алу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в УТС и соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда тренеров и специалистов, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы регби-7-ден Қазақстан ерлер құрамасы Оманда өткен Asia Rugby Emirates Men's Sevens Trophy 2025 халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды. Жарыс топтық кезең (пулдар) форматында өтіп, кейін плей-офф сатысына - ширек финал, жартылай финал және финалдық кездесулерге ұласты. Қазақстан құрамасы Қырғызстан, Сауд Арабиясы және Катар командаларымен бір топта бақ сынады. Жарыста көрсеткен жоғары нәтижелерінің арқасында ұлттық құрама Азия ойындарына жолдама алды.


*В 2025 году мужская сборная Казахстана по регби-7 стала победителем международного турнира Asia Rugby Emirates Men's Sevens Trophy 2025 в Омане. Турнир проходил в формате группового этапа (пулы) с последующим плей-офф – четвертьфиналами, полуфиналами и финалом. Казахстан выступал в одной группе с командами Кыргызстана, Саудовской Аравии и Катара. Благодаря достигнутым результатам сборная получила путевку на Азиатские игры.*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГАНДБОЛ СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ АССОЦИАЦИЯ СПОРТИВНЫХ ФЕДЕРАЦИЙ ГАНДБОЛА



 kz-handball.kz

 @kaz\_handball\_association

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстан Республикасында гандболды қолдау және дамыту
2. Қазақстан Республикасын Ұлттық спорт кешенінің спорт қызметкерлеріне гандбол бойынша 2025 жылға ақы төлеуді қамтамасыз ету

1. *Поддержка и развитие гандбола в Республике Казахстан*
2. *Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по гандболу в 2025 году*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жарыстарға қатысу, спорттық құрал-жабдықтар сатып алу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда тренеров и расходов на содержание аппарата управления*



2025 жылы Қазақстандық гандбол спорт федерациясы халықаралық күнтізбе аясында 6 ірі жарысқа қатысты. Атап айтқанда, отандық спортшылар екі Азия чемпионатында, жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарында, Ислам ынтымақтастығы ойындарында және Әлем чемпионатында ел намысын қорғады. 2026 жылғы Әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде U17 ұлттық құрама басты мақсатына жетіп, Әлем чемпионатына жолдама алды. Жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарында ұлттық құрама құрлықтық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін көрсетті. Өткен маусымның қорытындысы бойынша үздік ойыншылар қатарына Тұрсын Айым, Нұрдана Қырғызбай және Палей Кристина енді.

*В 2025 году Казахстанская ассоциация спортивных федераций гандбола приняла участие в 6 крупных соревнованиях в рамках международного календаря. Отечественные спортсмены представляли страну на двух чемпионатах Азии, Азиатских играх среди юниоров, Игры исламской солидарности и чемпионате мира. В отборочном раунде чемпионата мира 2026 года сборная U17 достигла своей главной цели и квалифицировалась на чемпионат мира. На Азиатских играх среди юниоров национальная сборная показала конкурентоспособность на континентальном уровне. По итогам прошлого сезона лучшими игроками стали Айым Турсын, Нурдана Кыргызбай и Кристина Палей.*




# ҚАЗАҚСТАН БАДМИНТОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БАДМИНТОНА



kbf.kz



@kazbadminton

### ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылға арналған бадминтон бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по бадминтону на 2025 год*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда тренеров*

Жыл соңында Астанада халықаралық Astana International Challenge 2025 бадминтон турнирі өтті. Жарысқа АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония және Еуропа мен Азия елдерінен 43-тен астам спортшы қатысты. Astana International Challenge – BWF International Challenge Series халықаралық сериясының бір бөлігі. Мұнда спортшылар әлемдік рейтинг ұпайлары үшін күреседі. Турнирдің Астанада өтуі Қазақстанның әлемдік бадминтон картасындағы беделін нығайтты. Сонымен қатар, жыл бойы федерация елімізде бадминтон спорт түрін насихаттау мақсатында әуесқойлар арасында турнирлер мен шеберлік сабақтарын өткізді.

*В конце года в Астане прошел международный турнир по бадминтону Astana International Challenge 2025. В соревнованиях приняли участие спортсмены из более 43 стран мира, включая США, Канаду, Австралию, Новую Зеландию, Японию, а также страны Европы и Азии. Astana International Challenge является частью международной серии BWF International Challenge Series, где спортсмены борются за очки мирового рейтинга. Проведение турнира в Астане укрепило позиции Казахстана на карте мирового бадминтона. Также в течение года федерация проводила любительские турниры и мастер-классы в рамках популяризации вида спорта в стране.*



KAZAKHSTAN  
BADMINTON FEDERATION



# ҚАЗАҚСТАН БИАТЛОНШЫЛАР ОДАҒЫ

## СОЮЗ БИАТЛОНИСТОВ КАЗАХСТАНА

biathlonunion.kz

@biathlon\_kaz

@kzbiathlonunion



### ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылға арналған «Қазақстан биатлоншылар одағы» ЗТБ бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

*Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по ОЮЛ «Союз биатлонистов Казахстана» на 2025 год*


### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда тренеров*

Әлемдік қысқы Универсиадада қазақстандық биатлоншылар жақсы нәтиже көрсетті: Никита Акимов алтын медаль жеңіп алса, Кирилл Бауэр және Арина Крюкова қола медальға ие болды. Харбин қаласында өткен қысқы Азия ойындарында Владислав Киреев елге алтын жүлде сыйласа, Вадим Куралес күміс медаль еншіледі. Эстафеталық командалар да табысты өнер көрсетті. Ерлер құрамасы күміс медальға, ал әйелдер құрамасы қола медальға ие болды. Жалпы командалық рейтингте Қазақстан биатлоншылары бірінші орынға шықты. Австрияда өткен әлем кубогында Владислав Киреев біздің команда тарихында алғаш рет қуу жарысында ең үздік 20 спортшы қатарына кірді.

*На Всемирной зимней Универсиаде казахстанские биатлонисты показали хорошие результаты: Никита Акимов завоевал золото, а Кирилл Бауэр и Арина Крюкова поднялись на бронзовую ступень пьедестала. А на зимних Азиатских играх в Харбине Владислав Киреев принес стране золото, а Вадим Куралес – серебро. Успех закрепили эстафетные команды. Мужчины взяли серебро, а женщины завоевали бронзовую медаль. В общекомандном рейтинге биатлонисты Казахстана заняли первое место. На Кубке мира в Австрии Владислав Киреев впервые в истории нашей команды попал в Топ-20 в гонке преследования.*




# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ГИМНАСТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ГИМНАСТИКИ КАЗАХСТАНА



 gymnastics.kz

 @kazgymfederation

 kazgymfederation



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. «Қазақстан гимнастика федерациясы» ҚБ спорттық құрал-жабдықтарын сатып алу
2. 2025 жылғы гимнастика бойынша ҚР ҰҚК спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

1. Приобретение спортивного инвентаря ОО «Казakhstanская федерация гимнастики»
2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по гимнастике в 2025 году

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт жабдықтарын сатып алу және спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части приобретения спортивного инвентаря, оплаты труда спортсменов и тренеров*

2025 жыл Қазақстан ұлттық гимнастика федерациясы үшін биік жетістіктер жылы болды. Қазақстандық спортшылар Әлем Кубогы кезеңдерінде 10 алтын медаль жеңіп алды. Нариман Құрбанов және Зейнолла Идрисов ат үстіндегі жаттығуларда әлемдік рейтингтегі көшбасшылар қатарына енді. Ал Милад Карими еркін жаттығулар мен көлденең тақтада Әлем Кубогының жеңімпазы атанды. Жылдың тарихи жетістігі ретінде Ақмарал Ерекешеваның жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында өнер көрсетіп, екі алтын және бір күміс медаль жеңіп алуын айтуға болады. Батут гимнастикасында Данил Мұсабаев пен Никита Тумаков ерлер синхронды секіруде әлемдік рейтингте бірінші орынға шықты.

Сонымен қатар төрешілік құрамын дамытуға және білім беру бағдарламаларына ерекше көңіл бөлініп, халықаралық семинарлар, емтихандар және Olympic Solidarity бағдарламасы аясында жаттықтырушылар мен төрешілер шеберліктерін арттырды.

*2025 год стал для Национальной федерации гимнастики Казахстана годом высоких достижений. Казахстанские атлеты завоевали 10 золотых медалей на этапах Кубка мира. Нариман Курбанов и Зейнолла Идрисов попали в число лидеров мирового рейтинга в упражнениях на коне. А Милад Карими – победитель Кубка мира в вольных упражнениях и на перекладине. Исторический успех года – выступление Ақмарал Ерекешевой, которая стала чемпионкой мира среди юниоров, завоевав два золота и серебро. В батутной гимнастике Данил Мусабаев и Никита Тумаков возглавили мировой рейтинг в мужских синхронных прыжках.*

*Отдельное внимание было уделено развитию судейского корпуса и образовательных программ: международные семинары, экзамены и обучение тренеров и судей в рамках программы Olympic Solidarity.*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАЗІРГІ БЕССАЙЫС ФЕДЕРАЦИЯСЫ

КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ПЯТИБОРЬЯ



 pentathlon.kz

 @pentathlon.kazakhstan

## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылға арналған қазіргі бессайыстан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету

2. Қазіргі бессайысты дамыту

1. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по современному пятиборью на 2025 год

2. Развитие современного пятиборья



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, ҚР шегінде ОЖЖ-на қатысу, жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в соревнованиях за пределами РК, участия в УТС в пределах РК, оплаты труда тренеров, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*



2025 жыл Қазақстандық қазіргі бессайыс үшін тарихи белес болды. Федерация Sport Qory қолдауымен Алматы облысында U19 Азия чемпионатын өткізді. Жарысқа Қытай, Корея, Өзбекстан, Қырғызстан, Гонконг, Тайбэй және Непалдан 8 елдің 69 мықты спортшысы қатысты. Қазақстан атынан 16 спортшы бақ сынады. Тихон Варехин жастар арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы атанса, Диана Щедрова қыздар арасында күміс медаль жеңіп алды, ал Полина Андреева қола медаль иеленді. Жалпыкомандалық есепте ерлер және әйелдер құрамалары жұлде тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ерлер мен әйелдер эстафетасында спортшылар күміс медальға ие болды. Чемпионаттың қорытынды сәті ретінде өткен аралас эстафетада Диана Щедрова мен Тихон Варехин бірінші орынға шықты.

*2025 год стал знаковым для отечественного пятиборья – в Алматинской области при поддержке Sport Qory прошел Чемпионат Азии U19 по современному пятиборью. Соревнования собрали 69 сильнейших атлетов из 8 стран континента: Китая, Кореи, Узбекистана, Кыргызстана, Гонконга, Китайского Тайбэя и Непала. Казахстан представляли 16 спортсменов. Тихон Варехин стал чемпионом Азии среди юношей, а Диана Щедрова завоевала серебряную медаль среди девушек, где бронза также досталась Полине Андреевой. В командном зачете мужская и женская сборные поднялись на высшую ступень пьедестала. В мужской и женской эстафетах спортсмены завоевали серебряные медали. Заключительным аккордом чемпионата стала смешанная эстафета, где Диана Щедрова и Тихон Варехин заняли первое место.*

# ҰЛТТЫҚ САДАҚ АТУ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ

### СТРЕЛЬБЫ ИЗ ЛУКА



Instagram icon @kazarchery\_official

#### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. 2025 жылы садақ ату бойынша ҚР ҰҚК жаттығу және жарыс процестерін қамтамасыз ету
2. ҚР ұлттық садақ ату бойынша ҚР ҰҚК спорт ұжымына төлемдерді қамтамасыз ету
3. Қазақстан Республикасының ұлттық садақ ату федерациясы» Қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі жарғылық қызметін қамтамасыз ету



1. Обеспечение тренировочного и соревновательного процессов НСК РК по стрельбе из лука в 2025 году
2. Обеспечение выплат спортивному персоналу НСК РК по Национальной стрельбе из лука РК
3. Обеспечение уставной деятельности ОЮЛ в ФА «Национальная Федерация стрельбы из лука Республики Казахстан»





## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жарыстарға қатысу, құрал-жабдықты сатып алу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, үздіксіз спорттық процессті қамтамасыз ету және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда тренеров, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы Сингапурда өткен Азия кубогы кезеңінде (садақ атудан) compound санаты бойынша ерлер құрамасы - Мұса Ділмұхамед, Андрей Тютюн және Бунед Мирзаметов - бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар, Андрей Тютюн мен Адель Жексенбинова аралас командалар арасындағы жарыста чемпион атанды. Әйелдер құрамасы (Виктория Лян, Адель Жексенбинова, Роксана Юнусова) қола медаль жеңіп алды.

Кореяда өткен садақ атудан Әлем чемпионатында әйелдер арасындағы командалық жарыста Роксана Юнусова, Адель Жексенбинова және Виктория Лян қола жүлдеге ие болды. Бангладеште өткен Азия чемпионатында Мұса Ділмұхамед, Андрей Тютюн және Бунед Мирзаметов бастаған ерлер құрамасы алтын медаль жеңіп алды.

*В 2025 году на этапе Кубка Азии по стрельбе из лука в Сингапуре мужская сборная (compound bow) в составе Мусы Дильмухамета, Андрея Тютюна и Бунед Мирзаметова заняла первое место. Андрей Тютюн и Адель Жексенбинова стали чемпионами в соревнованиях среди смешанных команд. Женская сборная (Виктория Лян, Адель Жексенбинова, Роксана Юнусова) завоевала бронзу.*

*На чемпионате мира по стрельбе из лука в Корее в женских командных соревнованиях наша сборная (Роксана Юнусова, Адель Жексенбинова и Виктория Лян) завоевала бронзовую награду. На чемпионате Азии в Бангладеше мужская сборная (Муса Дильмухамет, Андрей Тютюн и Бунед Мирзаметов) завоевала золотую медаль.*



# ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ИНКЛЮЗИВНЫЙ СПОРТ



₸ 459 027 956

ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ, СУРДЛИМПИАДАЛЫҚ  
СПОРТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАУ СОМАСЫ

*Сумма поддержки паралимпийских,  
сурдлимпийских видов спорта*



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАРАЛИМПИАДА КОМИТЕТІ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПАРАЛИМПИЙСКИЙ КОМИТЕТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



 paralympic.kz

 @kazparalympics

## ЖОБА | ПРОЕКТ

«Жұлдызай-2025» Ұлттық инклюзивті ойындары

*Национальные инклюзивные игры «Жұлдызай-2025»*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, жабдықтарды сатып алу, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения экипировки, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*

SportQory қолдауымен Астанада жыл сайынғы «Жұлдызай-2025» ұлттық инклюзивті ойындары өтті. Еліміздің барлық өңірінен келген ерекше білім беру қажеттіліктері бар 500 жас спортшыны біріктірген «Жұлдызай-2025» ойындарының нәтижесінде Алматы қаласының құрама командасы 1-ші орын иеленсе, Астана қаласының құрама командасы 2-ші орынға табан тіреді. Үздік үштікті Қарағанды облысының құрама командасы түйіндеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер лайықты марапаттарға ие болып, барлық қатысушыларға қатысушы дипломдары табысталды.

*При поддержке Sport Qory в Астане прошли ежегодные национальные инклюзивные игры «Жұлдызай-2025». Игры объединили 500 юных спортсменов с особыми потребностями со всех регионов страны. Сборная команда города Алматы завоевала первое место, а команда из Астаны заняла вторую ступень пьедестала. Тройку лидеров замкнула сборная команда Карагандинской области. Победители и призеры получили награды, всем участникам были вручены дипломы.*




# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРА ВОЛЕЙБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ПАРА ВОЛЕЙБОЛА



 kazparavolley.kz

 @kazparavolley

### ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылы пара волейболды дамыту

*Развитие волейбола сидя в 2025 году*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА



Жарыстарға қатысу, спорттық құрал-жабдықтар сатып алу, спорт персоналына медициналық қызмет көрсету, үздіксіз спорт процесін ұйымдастыру, спорт персоналына төлемдер, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря, медицинского обслуживания спортивного персонала, оплаты труда спортсменов, тренеров и специалистов, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



2025 жылы пара волейболдан ұлттық құрама өз тарихында алғаш рет Азия чемпиондары мен Әлем кубогының қола жүлдегері атанды. Оған қоса, елімізде волейболды отырып ойнаудан спорттық филиалдар саны 14-ке жетіп, 11 өңірлік командалар жасақталды. Жаңа ашылған филиалдарға Sport Qory-ның қолдауымен заманауи спорттық жабдықтар сатып алынып, жаттығу үдерістерінің сапасы артты.

*В 2025 году национальная сборная по волейболу сидя впервые в истории стала чемпионом Азии и бронзовым призером Кубка мира. Кроме того, количество филиалов в стране по волейболу сидя возросло до 14, сформировано 11 региональных команд. При поддержке Sport Qory новые филиалы получили современное спортивное оборудование и повысилась качество тренировочного процесса.*



# ҚАЗАҚСТАН БОЧЧА ФЕДЕРАЦИЯСЫ

КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БОЧЧА



 bocciakazakhstan.kz

 @boccia\_kazakhstan

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Қазақстан Республикасында бочча паралимпиадалық спорт түрін дамыту

*Развитие Паралимпийского вида спорта бочча в Республике Казахстан*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтарды сатып алу, ҚР шегінде ОЖЖ-на қатысу, ҚР шегінен тыс жарыстарына қатысу, спортшылардың, жаттықтырушылар мен мамандардың еңбегіне ақы төлеу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, участия в соревнованиях за пределами РК и в УТС в пределах РК, оплаты труда спортсменов, тренеров и специалистов, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*





2025 жылғы 20-28 тамыз аралығында Қазақстан астанасы алғаш рет беделді халықаралық бочча челленджерін – Astana 2025 World Boccia Challenger қабылдады. 12 елден келген 56 параспортшы өзара мықтыны анықтады. Финалдық ойындар қорытындысы бойынша жеке есепте Қазақстан үшінші орын иеленді. Итиана Чингисханова және Балжан Бөлекпаева алтын медаль жеңіп алса, Ерхат Алмат пен Азамат Аязбаев күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал Эльмира Мусралиева қола медальға қол жеткізді. Сонымен қатар, жұптық жарыстарда BC4 санатында Эльмира Мусралиева мен Азамат Аязбаев бірінші орынды иеленді. Сондай-ақ, ел құрамасы Бахрейнде өткен Manama 2025 World Boccia Challenger турнирінде де сәтті өнер көрсетті: Куаныш Асқарбеков алтын медаль жеңіп алса, Анастасия Кутурман қола медальге ие болды. Сонымен қатар, ұлттық құрама алғаш рет Сеулде өткен Boccia World Cup Seoul Әлем Кубогында бақ сынады.

*С 20 по 28 августа столица Казахстана впервые приняла престижный международный челленджер по бочча — Astana 2025 World Boccia Challenger. За звание лучших боролись 56 сильнейших параспортсменов из 12 стран. По итогам финальных игр в индивидуальном зачёте Казахстан занял третье место. Золотые медали завоевали Итиана Чингисханова и Балжан Бөлекпаева, серебряными призерами стали Ерхат Алмат и Азамат Аязбаев, а бронзу выиграла Эльмира Мусралиева. Также в парных соревнованиях BC4 первое место заняли Эльмира Мусралиева и Азамат Аязбаев. Кроме того, сборная Казахстана также успешно выступила на турнире Manama 2025 World Boccia Challenger в Бахрейне, где Куаныш Асқарбеков завоевал золото, а Анастасия Кутурман бронзу. Спортсмены национальной сборной впервые приняли участие в Кубке мира в Сеуле.*

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУЫНДА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ



## ФЕДЕРАЦИЯ СПОРТА ДЛЯ ЛИЦ С ОСОБЕННОСТЯМИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

### ЖОБА | ПРОЕКТ

Қазақстан Республикасында зияткерлік кемістігі бар адамдар үшін спортты дамыту, Virtus халықаралық федерациясының Бас Ассамблеясына қатысу

*Развитие спорта для лиц с интеллектуальными нарушениями в Республике Казахстан, участие в Генеральной Ассамблее Международной федерации Virtus*

 [idsport.org](http://idsport.org)

 @idsportfederation



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт ұжымына еңбекақы және өзге де сыйақылар төлеу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда тренеров и специалистов, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*

Зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшылар алғаш рет Қазақстан атынан Жасөспірімдер Пара Азия ойындарына қатысты. Дастан Ордабай мен Асан Аслан өз бәсекелерінде үздік бестікке енді. Федерация спортшылары Virtus World Athletics Championships, Virtus Swimming Championships, ITTF World Para Challenger турнирлеріне, сондай-ақ республикалық жарыстарға қатысты. ParaTriathlon (II) санатындағы спортшылар Астанада өткен Indoor Triathlon бәсекесінде бірінші орындарды иеленді. Федерация параатлеттері Еуропа чемпионатында 8 медаль жеңіп алды. Сонымен қатар ұйым Астанада Virtus World Tennis Championships және Virtus World Basketball Championships халықаралық турнирлерін өткізді.

Жыл соңында Каир қаласында Virtus халықаралық федерациясының Бас Ассамблеясы өтті. Іс-шара аясында зияткерлік даму ерекшеліктері бар спортшыларға арналған спортты дамыту, инклюзия, инновациялар және тұрақты өсім тақырыптарында конгресс ұйымдастырылды. Ұйым тарихында алғаш рет Орталық Азия өкілі Дина Темірғалиева Virtus федерациясының вице-президенті қызметіне сайланды.

*Спортсмены с интеллектуальными нарушениями впервые представили Казахстан на Юниорских Пара Азиатских играх. Дастан Ордабай и Асан Аслан вошли в пятерку сильнейших в своих дисциплинах. Различные спортсмены федерации приняли участие в Virtus World Athletics Championships, Virtus Swimming Championships, ITTF World Para Challenger и республиканских соревнованиях. Спортсмены в категории ParaTriathlon (II) завоевали первые места на Indoor Triathlon в Астане. Параатлеты федерации выиграли 8 медалей на чемпионате Европы. Кроме того, организация провела международный турнир по теннису Virtus World Tennis Championships и basketbolу Virtus World Basketball Championships в Астане.*

*В конце года в Каире прошла Генеральная Ассамблея международной федерации Virtus. В рамках мероприятия был организован конгресс на тему развития спорта, инклюзии, инноваций и устойчивого роста для спортсменов с особенностями интеллектуального развития. Впервые в истории организации представитель Центральной Азии Дина Темирғалиева была избрана на должность вице-президента Virtus.*

# ҚАЗАҚСТАН ПАРА ХОККЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ПАРА ХОККЕЯ

Instagram @parahockeykz



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Астанада В Pool бойынша пара хоккейден әлем чемпионатын өткізу
2. Қазақстан Республикасының Парахоккей ұлттық құрамасының Пара хоккейден Джейсхайм, Норвегия қаласында өтетін Паралимпиада ойындарының біліктілік турниріне қатысуы, әкімшілік және басқару ұжымының шығындары

1. Проведение чемпионата мира В Pool по пара хоккею в Астане
2. Участие национальной сборной Республики Казахстан по пара хоккею в квалификационном турнире Паралимпийских игр по пара хоккею, г. Йессхейм, Норвегия, расходы административно-управленческого персонала



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в соревнованиях за пределами РК, оплаты труда специалистов, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



2025 жылы Sport Qory қолдауымен Астана қаласында В Pool бойынша пара хоккейден әлем чемпионатын өтті. Нәтижесінде, отандық пара хоккейшілер 4-ші орын иеленіп, лицензиялық турнирге жолдама алды. Сонымен қатар, Пара хоккейден Норвегияның Джейсхайм қаласында өткен Паралимпиада ойындарының біліктілік турнирінде отандық пара спортшылар 6-шы орынға табан тіреді.

*В 2025 году при поддержке Sport Qory в Астане прошел чемпионат мира по пара хоккею (В Pool). По результатам состязания отечественные пара хоккеисты заняли 4-е место и получили путевку на лицензионный турнир. На отборочных соревнованиях на Паралимпийские игры в Норвегии сборная заняла 6-е место.*

# ҚР СУРДЛИМПИАДА КОМИТЕТІ НАЦИОНАЛЬНЫЙ СУРДЛИМПИЙСКИЙ КОМИТЕТ РК



deaflymp.kz



@deaflympkz



## ЖОБА | ПРОЕКТ

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Сурдлимпиада комитеті» РҚБ-ны үдемелі дамыту және танымал ету, 2025 жылғы XXV жазғы Сурдлимпиада ойындары спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшелері үшін дайындық ортасын жетілдіру

*Поступательное развитие и популяризация РОО «НСК РК», усовершенствование среды подготовки для членов НСРК по видам спорта XXV летним Сурдлимпийским Играм 2025 года*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, спорт ұжымына еңбекақы және өзге де сыйақылар төлеу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, оплаты труда специалистов, организации спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*



Токиода өткен XXV Жазғы Сурдлимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы 25 медаль жеңіп алды: 8 алтын, 4 күміс және 13 қола. Төрт жылда бір рет өткізілетін есту қабілеті төмен спортшыларға арналған ең ірі халықаралық спорттық іс-шара ерекше тарихи маңызға ие болды. Бұл Сурдлимпиада қозғалысының 100 жылдық мерейтойына сәйкес келді. Байрақты бәсекеге 81 елден келген 3000-нан астам спортшы қатысып, олар 21 спорт түрінен 209 пән бойынша бақ сынады. Ұлттық құрама жалпы медаль саны бойынша үздік ондыққа енді.

*На XXV летних Сурдлимпийских играх в Токио сборная Казахстана завоевала 25 медалей: 8 золотых, 4 серебряных и 13 бронзовых. Крупнейшее международное спортивное мероприятие для спортсменов с нарушениями слуха, проводимое раз в четыре года, имело особое историческое значение. Оно совпало со 100-летием сурдлимпийского движения. В соревнованиях приняли участие более 3000 спортсменов из 81 страны, которые соревновались в 209 дисциплинах по 21 виду спорта. Национальную сборную Казахстана представляли 79 спортсменов в 8 видах спорта. Сборная вошла в десятку лучших в общем медальном зачете.*



70 |





# VELOLEGEND

## VELOLEGEND

 velolegend.kz

 @velolegend\_inclusion

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Ерекше балаларға арналған Велоспорт

*Велоспорт для особенных детей*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, құрал-жабдықтар сатып алу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда специалистов и тренеров, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, расходов на содержание аппарата управления*



2025 жылы Sport Qory қолдауымен ерекше балаларға арналған спорттық формалар мен велосипедтер сатып алынды. 15-16 желтоқсанда Астанадағы Сарыарқа велотрегінде Тәуелсіздік күніне арналған Паравелоспорттан Қазақстан Кубогы өтті. Дәстүрлі жарысқа тірек-қимыл аппараты аурулары бар спортшылар, сондай-ақ, зияткерлік даму ерекшеліктері бар параспортшылар қатысты. Кубок аясында С және І санаттарында ұсынылған Velolegend командасының 17 спортшысы өнер көрсетті.

*В 2025 году при поддержке Sport Qory была приобретена велосипедная форма и велосипеды. 15-16 декабря в Астане прошел кубок Казахстана по паравелоспорту, посвященный Дню Независимости. В турнире приняли участие параспортсмены с нарушениями опорно-двигательного аппарата и особенностями интеллектуального развития. В рамках Кубка выступили 17 спортсменов команды Velolegend, представленных в категориях С и I.*



# ОЛИМПИДАЛЫҚ ЕМЕС СПОРТ ТҮРЛЕРІ

## НЕОЛИМПИЙСКИЕ ВИДЫ СПОРТА



**303 016 578**

**ОЛИМПИАДАЛЫҚ  
ЕМЕС СПОРТ ТҮРЛЕРІН  
ҚОЛДАУ СОМАСЫ**

*Сумма поддержки  
неолимпийских  
видов спорта*



# ШАВКАТ РАХМОНОВ

Instagram @shavkatrakhmonov94

## ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылы спорт ұжымына көрсетілетін қызметтер үшін төлем

*Выплата за услуги спортивному персоналу в 2025 году*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спортшының, жаттықтырушылардың, мамандардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда спортсмена, тренеров, специалистов*

Жоба аясында UFC чемпиондық белбеуін жеңіп алу және UFC ресми рейтингінде жартылай орта салмақтағы дәрежесін арттыру мақсатында оқу-жаттығу жиындары өткізілді.


*В рамках проекта были проведены учебно-тренировочные сборы для завоевания чемпионского пояса UFC и повышения в официальном рейтинге UFC в полусреднем весе.*



# АСАУБАЕВА БИБИСАРА ЕРХАНҚЫЗЫ

 bibisarachess.kz

 @bibisarachess

 @bibisara.asaubayeva

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Шахматтан халықаралық турнирлерге дайындық және қатысу

*Подготовка и участие в международных турнирах по шахматам*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части оплаты труда тренеров, расходов на содержание аппарата управления*

Жыл жарқын жетістіктерге толы болды. БАӘ-дағы Sharjah Masters 2025 халықаралық супертурнирінде Бибисара Асаубаева үшінші гроссмейстерлік норманы орындап, Қазақстан тарихындағы екінші әйел-гроссмейстер атанды. Шахматшы Самарқандтағы FIDE Women's Grand Swiss 2025 халықаралық турнирінде үшінші орынға ие болып, ал жыл соңында блиц бойынша Әлем чемпионатында үшінші мәрте жеңіске жетті. 2024/25 маусым қорытындысы бойынша Бибисара Асаубаева FIDE ұйымдастырған жарыстарда үздік нәтиже көрсетіп, 2026 жылы өтетін әйелдер арасындағы үміткерлер турниріне Қазақстаннан қатысатын алғашқы спортшы атанды.

*Год был полон ярких достижений. На международном супертурнире Sharjah Masters 2025 в ОАЭ Бибисара Асаубаева выполнила третью гроссмейстерскую норму и стала второй женщиной-гроссмейстером в истории Казахстана. Шахматистка завоевала третье место на международном турнире FIDE Women's Grand Swiss 2025 в Самарканде, а в конце года в третий раз одержала победу на чемпионате мира по блицу. По результатам сезона 2024/25 Бибисара показала лучший результат на соревнованиях под эгидой FIDE и стала первой в истории Казахстана участницей женского турнира претенденток, который пройдет в 2026 году.*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ММА АРАЛАС ЖАУЫНГЕРЛІК ЖЕКПЕ-ЖЕГІ БОЙЫНША БІРІККЕН ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЪЕДИНЕННАЯ ФЕДЕРАЦИЯ СМЕШАННОГО БОЕВОГО ЕДИНОБОРСТВА ММА



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ММА АРАЛАС  
ЖАУЫНГЕРЛІК ЖЕКПЕ-ЖЕГІ  
БОЙЫНША БІРІККЕН  
ФЕДЕРАЦИЯСЫ



kazmma.kz



@kazmma\_official

### ЖОБА | ПРОЕКТ

2025 жылға арналған Қазақстандағы  
ММ-ны дамыту

*Развитие ММА Казахстана на 2025 год*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорт ұжымына еңбекақы және өзге де сыйақылар төлеу, оқу-жаттығу жиындарына қатысу, жарыстарға қатысу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді



*В части участия в учебно-тренировочных сборах в пределах РК и участия в соревнованиях за пределами РК, оплаты труда тренеров и специалистов, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы қазақстандық аралас жекпе-жек (ММА) шеберлері Грузияның Тбилиси қаласында өткен Әлем чемпионатында 18–20 жас аралығындағы жастар санатында 4 күміс және 6 қола медаль жеңіп алса, 21 жастан жоғары ересектер арасындағы ұлттық құрама 2 алтын, 1 күміс және 9 қола медаль иеленді. Қазақстан ұлттық құрамасы 2025 жылғы ММА бойынша Әлем чемпионатында ересектер арасында екінші жалпыкомандалық орынға ие болды. Сонымен қатар, Ливан мемлекетінің Джуния қаласында ММА бойынша жасөспірімдер, жастар және ересектер арасындағы Азия чемпионатында ересектер арасында – 1-орын (қоржынында 6 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль), жастар арасында – 1-орын (6 алтын және 2 қола медаль) және жасөспірімдер арасында – 3-орын (6 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль) иеленді.

*В 2025 году на чемпионате мира сборная Казахстана по смешанным единоборствам (ММА) заняла второе общекомандное место, завоевав 2 золотые, 1 серебряную и 9 бронзовых медалей. Мастера в категории «молодежь 18-20 лет» завоевали 4 серебряные и 6 бронзовых медалей. На чемпионате Азии в Ливане сборные принесли в копилку страны 31 медаль. Взрослая команда (6 золотых, 4 серебряные и 4 бронзовые медали) и молодежная команда заняли первое место (6 золотых и 2 бронзовые медали). Юношеская сборная Казахстана заняла третье место (6 золотых, 1 серебряная и 2 бронзовые медали).*



76 |



# ГІР ЖӘНЕ АРМСПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ГИРЕВОГО И АРМСПОРТА



armwrestling.kz

@armwrestling\_kaz



### ЖОБА | ПРОЕКТ

Болгариядағы армрестлингтен әлем чемпионатына қатысу

*Участие в чемпионате мира по армрестлингу в Болгарии*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жарыстарға қатысу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, расходов на содержание аппарата управления*

2025 жылы Болгарияның Албена курортында 7-24 қыркүйек аралығында XLVI әлем чемпионаты өтті. Аталмыш дода жастар, жасөспірімдер мен ересектер арасында өтіп, әлемнің ең мықты спортшылары өзара үздіктерді анықтады. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы 46 алтын, 40 күміс және 17 қола медаль мен ел қоржынына 997 ұпай салып, үздік атанды.

*В 2025 году в болгарском курортном городе Албена с 7 по 24 сентября прошел XLVI чемпионат мира по армрестлингу. Соревнования прошли среди юниоров, молодежных команд и взрослых. В общем зачете сборная Казахстана завоевала 46 золотых, 40 серебряных и 17 бронзовых медалей и заработала 997 очков.*





# ҚР СПОРТТЫҚ БИ ФЕДЕРАЦИЯЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ

## АССОЦИАЦИЯ ФЕДЕРАЦИЙ СПОРТИВНОГО ТАНЦА РК

fstrk.kz

@kazakhstan\_breaking\_team

### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстан Республикасында брейкингті дамыту, Брейкингтен (балалар, жасөспірімдер және жастар арасында) Қазақстан Республикасының чемпионатын ұйымдастыру және өткізу

2. Шетелдік төрешілер мен Қазақстан Республикасының Брейкинг бойынша чемпионатына қатысушылардың (балалар, жасөспірімдер және жастар арасында) қызметтеріне, SkateSystem6 төрешілік жүйесін жалға алуға және полиграфиялық өнімдерді дайындау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу. Брейкинг бойынша ҚР Штаттық ұлттық командасының спортшыларын іссапарға жіберу бойынша шығыстар



1. Развитие брейкинга в Республике Казахстан, организация и проведение Чемпионата Республики Казахстан по брейкингу (среди детей, юношей, юниоров и молодежи)

2. Оплата услуг иностранных судей и участников Чемпионата Республики Казахстан по брейкингу (среди детей, юношей, юниоров и молодежи), аренды судейской системы SkateSystem6 и работ по изготовлению полиграфической продукции. Расходы по командированию спортсменов штатной национальной команды РК по брейкингу

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, жарыстарға қатысу, спорт ұжымына төлемдер мен өзге де сыйақылар, оқу-жаттығу жиындарына қатысу, спорттық құрал-жабдықтар сатып алу және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

В части проведения спортивных мероприятий, участия в УТС и соревнованиях за пределами РК, приобретения экипировки, оплаты труда спортсменов и тренеров, расходов на содержание аппарата управления

Sport Qory қолдауымен федерация Астана қаласында түрлі жас санаттары бойынша брейкингтен Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізді. Жарысқа 12 өңірден 136 қатысып, өзара мықтыны анықтады. Сондай-ақ, спортшылар Dubai Open Breaking халықаралық жарысы алдында арнайы дене даярлығы бойынша оқу-жаттығу жиынына қатысты. Аталған халықаралық жарыста брейкингтен ұлттық құрама спортшысы Закиров Амир ел қоржынына алтын жүлде салды. Сонымен қатар, спортшыларға қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды.

При поддержке Sport Qory федерация провела в Астане чемпионат Республики Казахстан по брейкингу в различных возрастных категориях. В соревнованиях приняли участие 136 участников из 12 регионов. Также танцоры федерации приняли участие в учебно-тренировочных сборах перед турниром Dubai Open Breaking. На данном международном соревновании спортсмен национальной сборной по брейкингу Амир Закиров завоевал золотую медаль. Кроме того, при поддержке Фонда была обновлена экипировка.

# БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЙЫМ КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭ

ВСЕКАЗАХСТАНСКАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ  
КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭ



 kyokushinkai.kz

 @karate\_astana\_orla

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Кекушинкай каратэден Әлем Кубогына қатысу 20-26 қараша аралығында  
Голд Кост, Австралия

*Участие в Кубке мира по Кекушинкай каратэ с 20 по 26 ноября  
в г.Голд Кост, Австралия*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, оқу-жаттығу жиындарына қатысу және жарыстарға қатысуға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части участия в УТС в пределах РК и участия в соревнованиях за пределами РК*



Sport Qory қолдауымен қазақстандық спортшылар Австралияда өткен кекушинкай каратэден Әлем Кубогына қатысты. Оған әлемнің 15-тен астам елінен келген үздік спортшылар қатысты. Қазақстан ұлттық құрамасы жарысқа жан-жақты дайындықпен барып, ел намысын абыроймен қорғады. Құрама сапында 15 спортшы және 1 жаттықтырушы өнер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар жоғары нәтиже тіркеді: 2 алтын, 2 күміс және 6 қола медаль жеңіп алып, жалпы есепте 10 жүлде еншіледі.

*При поддержке Sport Qory казахстанские спортсмены приняли участие в Кубке мира по кекушинкай каратэ в Австралии. В нем приняли участие лучшие спортсмены из более чем 15 стран мира. Национальная сборная Казахстана прошла всестороннюю подготовку к соревнованиям. В составе сборной выступили 15 спортсменов и 1 тренер. По итогам соревнований команда завоевала 2 золотые, 2 серебряные и 6 бронзовых медалей.*





# ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИДЫ СПОРТА



**963 555 732**

**ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАУ СОМАСЫ**  
*Сумма поддержки национальных видов спорта*





# QAZAQ KURESI

 qazaqkuresi.kz

 @qazaqkuresi.kz



## ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақ күресінің ұлттық спорт түрін дәріптеу;
2. ОЖЖ өткізу, спортшыларды жабдықтармен қамтамасыз ету және спорт ұжымын ұстау.

1. Популяризация национального вида спорта қазақ күресі
2. Проведение УТС, обеспечение экипировкой спортсменов и содержание спортивного персонала



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, жаттықтырушылар мен мамандардың еңбегіне ақы төлеу, оқу-жаттығу жиындарына қатысу, құрал-жабдықтарды сатып алу, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в учебно-тренировочных сборах в пределах РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, оплаты труда тренеров и специалистов, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*

2025 жылы Үндістанның Дели қаласында Sport Qory қолдауымен өткен қазақ күресінен Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте көшбасшылар қатарынан көрініп, 11 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль иеленді. Сондай-ақ, Ұлттық құрама спортшылары Түркістан қаласында ұйымдастырылған ересектер арасындағы Азия чемпионатында 10 алтын, 4 күміс, 2 қола медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте көш бастады.

*В 2025 году при поддержке Фонда ассоциация провела чемпионат мира по қазақ күресі в Индии. Сборная Казахстана стала лидером общекомандного зачета, завоевав 11 золотых, 2 серебряные, 2 бронзовые медали. Также отечественная команда заняла первое место в общекомандном зачете на чемпионате Азии среди взрослых в Туркестане, завоевав 10 золотых, 4 серебряные и 2 бронзовые медали.*

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Ұлттық спорт түрлері саласындағы жобаларды іске асыру

*Реализация проектов в сфере национальных видов спорта*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий*



2025 жылы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы ұлттық спортты дамыту, насихаттау және халықаралық деңгейде ілгерілету бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Жыл бойы республикалық және халықаралық жарыстар ұйымдастырылды. Сондай-ақ жылдың басты басымдығы спортшылардың даярлық деңгейін арттыру болды. Өңірлерде оқу-жаттығу жиындары өткізіліп, төрешілер мен жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру жұмыстары жүзеге асырылды.

*В 2025 году Ассоциация национального спорта провела системную работу по развитию, популяризации и продвижению национальных видов спорта на международном уровне. В течение года были организованы республиканские и международные соревнования. Также главным приоритетом года стало повышение уровня подготовки спортсменов. В регионах проводились учебно-тренировочные сборы, работа по повышению квалификации судей и тренеров.*



# «QAZAQSTAN BARYSY» ҚАЗАҚ КҮРЕСІН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУ ҚОРЫ

ФОНД ПОДДЕРЖКИ И РАЗВИТИЯ КАЗАХ КУРЕС

«QAZAQSTAN BARYSY»



@qazaqstan\_barisky

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирін өткізу

*Проведение республиканского турнира по казах курес «Қазақстан Барысы»*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий*

2025 жылы Астанада ұлттық спорттағы ең айтулы жарыстардың бірі – «Қазақстан Барысы» турнирі өтті. Дәстүр бойынша бұл додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген 43 ең үздік балуан өзара мықтыны анықтады. Спортшылар абсолюттік салмақ дәрежесінде белдесті.

Нәтижесінде «Әскер Барысы» командасының намысын қорғаған Марат Байқамұров алтын белбеу мен «Тайтұяқ» иеленіп, чемпион атанды. Күміс белбеу Ерасыл Қажыбаевқа бұйырса, қола белбеуді Нұрдәулет Жарылғапов жеңіп алды.

*В 2025 году в Астане прошел один из самых значимых турниров по национальному виду спорта — «Қазақстан Барысы». По традиции 43 лучших палуана со всех уголков страны боролись за звание сильнейшего. Спортсмены состязались в абсолютной весовой категории.*

*По итогам соревнований Марат Байқамұров из команды «Әскер Барысы» завоевал золотой пояс и символ «Алтын тайтұяқ». Серебряный пояс достался Ерасылу Қажыбаеву, а бронзовый пояс выиграл Нурдәулет Жарылғапов.*



# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰСБЕГІЛІК ФЕДЕРАЦИЯСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ  
ФЕДЕРАЦИЯ ҚҰСБЕГІЛІК



[qusbegilik.kz](http://qusbegilik.kz)

[@qusbegilik.kz](https://www.instagram.com/qusbegilik.kz)

## ЖОБА | ПРОЕКТ

«Құсбегілік» ұлттық спорт түрін дамытуды қолдауды қамтамасыз ету және құсбегіліктен халықаралық турнирлер өткізу

*Обеспечение поддержки развития национального вида спорта «Құсбегілік» и проведение Международных турниров по құсбегілік*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, құрал-жабдықтарды сатып алу, басқару аппаратын ұстау және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в УТС в пределах РК, приобретения экипировки, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*

2025 жылы Республикалық құсбегілік Федерациясы 3 Қазақстан Республикасының чемпионатын, 4 республикалық турнир, 4 халықаралық турнир және Моңғолия мемлекетінде өткен 3-ші Азия чемпионатын ұйымдастырды, оның ішінде атап өтуге болатын үлкен халықаралық жарыстардың қатарында «Шығыс Салбурыны-2025» және Мәсіп Батырханұлы атындағы «Қансонар-2025» жарыстары бар. 2025 жылғы халықаралық жарыстардың нәтижесі бойынша еліміздің спортшылары 12 алтын, 13 күміс және 17 қола медальға қол жеткізді.

*В 2025 году федерация провела три чемпионата Республики Казахстан, четыре республиканских турнира, четыре международных турнира и чемпионат Азии в Монголии. Среди крупных международных соревнований значатся турниры «Шығыс салбурыны», «Кансонар-2025» им. Масипа Батырханулы. По итогам международных состязаний спортсмены завоевали 12 золотых, 13 серебряных и 17 бронзовых медалей.*



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ФЕДЕРАЦИЯ СПОРТА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ РК



9qq.org

@9qumalaq.kz

## ЖОБА | ПРОЕКТ

Тоғызқұмалақтан ұлттық құрамаларды халықаралық жарыстарға дайындау және қатысу

*Подготовка и участие сборных команд на международных соревнованиях по тогызумалак*



## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, спорт ұжымына еңбекақы және өзге де сыйақылар төлеу, жарыстарға қатысу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру және басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

